




КЕМЕҢГЕР 21

KAZHYDROMET.KZ Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

13.10.2022
Түнде: +3+5 °C Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.
Күндіз: +15+17 °C Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.
Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

14.10.2022
Түнде: +4+6 °C Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.
Күндіз: +15+17 °C Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.
Желдің жылдамдығы: 5-10 м/с

«Almaty akshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №120 (6255) 13 қазан, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

СЕНІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

қос халықтың бауырластық байланысы – өзара тиімді қарым-қатынастың алтын діңгегі



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге мемлекеттік сапармен келген Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен келіссөз жүргізді.

«Ақорда» резиденциясында Түркия басшысын салтанатты қарсы алу шарасы өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған бір-біріне делегациялар құрамын таныстырды. Құрмет Қарауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт беріп, Қазақстан мен Түркияның Әнұрандары орындалды. Салтанатты рәсімнен кейін мемлекеттер басшылары екіжақты кездесу өткізді.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

САЯСИ АРЕНАҒА ЖОЛ

Саясаткер әйелдер клубы мен Әйелдердің саяси көшбасшылығы мектебінің таныстырылымы өтті



Біздің қоғамда қыз-келіншектердің алатын орны ерекше. Олар бүгінгі күні бала да тәрбиелеп, үй шаруасын да дөңгелетіп, заман талабына сай қоғамдық қызмет те атқарып жүр. Соның ішінде әйелдердің мемлекеттік қызметтегі үлес салмағы мен көшбасшылық мүмкіндігін арттыру мәселесі де күн тәртібінен түскен емес.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Қатар Әмірі шейх Тамим бен Хамад Әл-Танимен келіссөз жүргізді.
- Астанада өтетін ірі халықаралық іс-шараларға қатысу үшін елімізге Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан Президенттері келді.
- 12-13 қазанда Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АОСШК) VI саммиті өтеді.
- Ертең Астанада «Орталық Азия-Ресей» Саммиті өтеді.
- 14 қазанда елордада Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен ТМД мемлекеттері басшыларының Саммиті өтеді.
- 15 қазанда Қазақстан мен Қырғыз мемлекеттері арасындағы дипломатиялық қатынасқа – 30 жыл толады.
- Астанада қоғамдық кеңестердің III Республикалық мәжілісі өтеді.
- Алматыдағы «Білім-инновация» қыздар лицейіне Шәмша Беркімбаеваның есімі берілді.
- Елдегі өрт сөндірушілер жыл басынан бері 10 мыңға жуық адамды құтқарды.
- Жыл басынан бері «112» нөміріне 5 миллионға жуық қоңырау келіп түскен.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Сингапур Премьер-министрі кеңсесінің министрі Мұхамед Малики бин Османмен кездесті.

Мемлекет басшысы Сингапурдың Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің VI саммитіне қатысуы АӨСШК үдерісінің дамуына елеулі үлес қосатынын атап өтті. Қазақстанның АСЕАН-дағы маңызды серіктесі – достас Сингапурмен тығыз ынтымақтастықты жоғары бағалайтынын жеткізді. Кездесу барысында екіжақты сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстардың артқаны атап өтілді.

Өз кезегінде Мұхамед Малики бин Осман Қасым-Жомарт Тоқаевқа Премьер-министр Ли Сянь Лунның ізгі тілегін жеткізді. Сингапур делегациясының басшысы өз елінің Қазақстанмен өзара іс-әрекетті одан әрі нығайтуға ниетті екенін айтты. Кездесу соңында Сингапур министрі Мемлекет басшысына Президент Халима Якобтың Сингапурға мемлекеттік сапармен келуге шақыруын тағы да растады.

■ СЕНАТ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Ұлыбритания Корольдігі мен Солтүстік Ирландияның Қазақстан Республикасындағы Елшісі Кэтрин Джейн Личпен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстан мен Ұлыбритания арасында дипломатиялық қатынастың орнағанына 30 жыл толғанына, осы уақыт ішінде түрлі салаларда екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірлескен жобалар мен бағдарламалар табысты іске асырылғанына маңыз берілді. Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық реформалар туралы айтты. Ол еліміздің саяси жүйесін демократияландыруға және Президент Жолдауындағы жаңа бастамаларға кеңінен тоқталып, қолға алынған өзгерістердің стратегиялық сипатына назар аударды.

Кэтрин Лич Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың маңыздылығын, ел Президентінің оларды іске асырудағы жүйелі тәсілін атап өтті. Сондай-ақ, елші Парламент Сенатымен екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері бойынша өзара байланысты кеңейтуге ерекше қызығушылық танытты.

■ МӘЖІЛІС

Мәжілісте биылғы парламенттік сессиядағы алғашқы Үкімет сағаты өтті. Отырыс ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау саласының қазіргі жағдайы мен даму перспективаларына арналды.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният ауыл тұрғындарын медициналық қамтамасыз етуде бүгінде мемлекет тарапынан атқарылып жатқан шараларға тоқталып, Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған реформаларды жүзеге асыру барысы туралы депутаттардың сауалдарына жауап берді.

Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева қазіргі таңда қазақстандықтардың шамамен 41 пайызы ауылдық жерлерде тұратынын, оның 3,6 миллионы немесе 46 пайызы балалар мен қарттар екенін атап өтті. Ал оларды сапалы медицинамен қамтамасыз ету ерекше назар аударуды және жаңа жұмыс әдістерін қолдануды талап етеді.

Мәжіліс Төрағасының орынбасары Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында берген тарпысымын орындау мақсатында келесі жылдан бастап «Ауылдық жердегі денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы іске асырылатынын атап өтті. «Бұл жобаның басты мақсаты – медициналық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсарту. Ол үшін алдағы екі жылда 655 алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету нысандары, 32 ауданаралық көпсалалы ауруханалар ашылатын болады. Оған 217 млрд теңгеден астам қаржы бөлінеді», – деді Б.Кесебаева.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайылов халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуды тапсырды.

«Аса маңызды мәселе – халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамту. Ол үшін кәсіпкерлерге жағдай жасау керек. Биылғы жылы Ұлттық жобаларды іске асыру шеңберінде 269 мыңнан астам жұмыс орны құрылуы тиіс. Қазіргі уақытта 203 мыңнан астам адам жұмысқа орналасты. Олардың 175 мыңы – уақытша жұмыс. Біз тұрақты жұмыс орындарын көбейтуге күш салуымыз керек», – деді Премьер-Министр.

Ол үшін цифрлық технологияларға сүйену маңызды. Мемлекеттік органдардың жүйелерін толық интеграциялай отырып, жұмыспен қамту сервистерінің барлығын цифрландыру қажет. Үкімет басшысы атап өткендей, «Отбасының цифрлық картасы, Электрондық еңбек биржасы мен Жұмыс орындарын құрудың интеграцияланған картасын біріктіргеннен кейін, жұмыссыз жүргендерге электрондық хабарламалар арқылы вакансиялар ұсынуға болады». Жұмыссыздарға өтініш жазбай-ақ бос жұмыс орындарын ұсыну маңызды. Мұндай қызметтерді смартфон арқылы қолжетімді ету қажет. Жастарды жұмыспен қамтудың жаңа тәсілдері мен механизмдерін енгізуге ерекше назар аудару керек.

■ МИНИСТР

Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев мемлекеттік органдар мен «Атамекен» ҰКП өкілдерінің қатысуымен бизнеске әкімшілік жүктемені азайту мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Кеңесте Мемлекет басшысының кәсіпкерлік қызметті «таза парақтан бастап» реттеуді енгізу, сондай-ақ мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесін автоматтандыру жөніндегі тапсырмаларын орындау барысы талқыланды. Мәселен, бүгінгі таңда бірінші кезең аясында қызметтің 17 саласында реттеуші актілерді талдау аяқталды. Енді бизнеске қойылатын негізсіз талаптарды жою үшін мемлекеттік органдар заңға тәуелді (2022 жылдың соңына дейін) және заңнамалық (2023 жылдың наурызына дейін) актілерге өзгерістер енгізетін болады. Одан бөлек, бекітілген жоспар-кестені іске асырудың екінші кезеңі аясында биылғы желтоқсанға дейін кәсіпкерлік қызметтің тағы 11 саласында реттеуші актілерге талдау жүргізіледі.

Кеңес қорытындысы бойынша Ерулан Жамаубаев тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және салалық тәуекелдер матрицасын қалыптастыруды қоса алғанда, барлық жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

● ПРЕЗИДЕНТ

СЕНІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ
СЕРІКТЕС

қос халықтың бауырластық байланысы – өзара тиімді қарым-қатынастың алтын діңгегі



(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанға ілтипат білдіріп, Қазақстанға мемлекеттік сапармен келгені үшін ризашылығын жеткізді.

– Сіздің бүгінгі мемлекеттік сапарыңыз екі елдің ынтымақтастығына үлкен серпін береді деп ойлаймын. Біз Түркиямен тең дәрежедегі ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға баса мен береміз. Бұл менің ерекше назарымда. Кездесуіміздің күн тәртібіндегі бірқатар мәселелер бойынша пікір алмасып, уағдаластыққа қол жеткіземіз деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған Қасым-Жомарт Тоқаевқа мамыр айында Түркияға мемлекеттік сапары мен Нью-Йорктегі екіжақты кездесуден кейін қайтадан жүздесіп отырғанына қуанышты екенін атап өтіп, қонақжайлығы үшін алғыс айтты.

– Бүгін Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 4-отырысын өткіземіз. Сондай-ақ, ертең Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің саммитіне қатысамыз. Сіздің көшбасшылығыңызбен жүргізілген реформалар қазақ халқының тыныштығын сақтап, әл-ауқатын жақсартатынына сенімім мол. 20 қараша күні болатын Президент сайлауы әділ әрі жаңа Қазақстан үшін қайырлы болуын және сізге сол сайлауда сәттілік тілеймін, – деді Режеп Тайип Ердоған.

Сондай-ақ, Түркия Президенті жаһандық және аймақтық тұрақсыздық белең алған шақта түркі мемлекеттерінің ынтымағын одан әрі нығайту қажет екенін, сондықтан стратегиялық серіктес әрі бауырлас ел Қазақстанның қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, территориялық тұтастығына және экономикалық әл-ауқатының жақсаруына айрықша мән беретінін жеткізді.

– Түркияға мемлекеттік сапарыңыз барысында қол қойылған 14 ынтымақтастық туралы құжатпен ортақ декларация қарым-қатынасымызға тың серпін берді. Бүгін осы келісімдерге қосымша жаңа құжаттар қосылады. Атажұртыма келген маған және менің делегацияма қонақжайлық көрсеткеніңіз үшін тағы да алғыс айтамын, – деді Режеп Тайип Ердоған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге мемлекеттік сапармен келген Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанды I дәрежелі «Достық» ор-

денімен марапаттады. Орденді табыстау рәсімінде Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президентін елін алға бастап келе жатқан нағыз көшбасшы деп атап өтті.

– Сіздің сындарлы саясатыңыздың арқасында Түркияның әлемдегі абырой-беделі арта түсті. Еліңізді дүние жүзі әлеуеті зор, дамыған мемлекет ретінде біледі, құрметтейді. Түркия – біздің ежелден еншісі бір, тамырлас туысымыз. Сондай-ақ, Қазақстанның ең жақын әрі сенімді стратегиялық серіктесі, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президентінің айтуынша, қос халықтың арасындағы бауырластық байланыс – өзара тиімді қарым-қатынастың алтын діңгегі. Бұл іске Режеп Тайип Ердоған орасан зор үлес қосып келеді.

– Мен оны жоғары бағалаймын. Әсіресе, туысқан елдерді ортақ мүддеге ұйыстырып, тамырымызды тереңдету үшін ерекше еңбек сіңіріп жүрсіз. Бастапқыда кеңес ретінде құрылып, бүгінде толыққанды ұйымға айналған Түркі мемлекеттері ұйымы – осының айқын дәлелі. Одан бөлек, бітімгершілік рөліңізді ерекше атап өткім келеді. Біз сіздің дүние жүзіндегі дағдарыстар мен аймақтағы мәселелерді шешу жолындағы бастамаларыңызды қолдаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан Түркиямен стратегиялық әріптестікке негізделген көпқырлы ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екенін айтып, болашаққа бірге қадам басатынын атап өтті.

– Осы жолдағы мәңгі достығымыз бен мызғымас бауырластығымыз жалғаса береді. Сіз қазақ-түрік қатынасын тұрақты дамытуға өлшеусіз үлес қосып келесіз. Мен осы саладағы айрықша тарихи рөліңізді ескері отырып, сізді I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Бұл шешім екіжақты қарым-қатынастар жылнамасына алтын әріппен жазылары сөзсіз. Мен достығымызды нығайтып, береке-бірлігімізді арттыра түсу үшін бар күш-жігерімді жұмсауға дайынмын, – деді Президент.

Қазақстан мен Түркия Президенттері екі елдің Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің IV отырысын өткізді.

Алдын ала бекітілген күн тәртібіне сәйкес, жиында сыртқы саясат және инвестиция саласындағы іс-әрекет, сауда-экономикалық ынтымақтастық, көлік-логистика және әскери өндіріс

саласындағы ықпалдастық, энергетика саласындағы байланыстар және ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық секілді 5 мәселе талқыланды.

– Мақсатымыз – сауда айналымын 10 миллиард долларға жеткізу. Анкара соңғы 15 жылда Қазақстанға 4,35 миллиард доллар инвестиция құйды. Ал біздің еліміз Түркияға 1,13 миллиард доллар қаржы салды. Түркия Қазақстанның ең ірі 10 инвесторының қатарында тұр. Жалпы, екіжақты сауда-саттық әлеуетін арттыру жолында транзиттік тасымал бағыттары маңызды рөл атқарады. Біз тасымал шығынын азайтып, жеткізу мерзімін қысқарту үшін Транскаспий дәлізін дамытуға шақырамыз. Бүгінгі кездесуде біз оны талқыладық. Көзқарасымыз бірдей. Биыл маусым айында Бакуде ұшжақты форматтағы кездесу өтті. Біз бұл дәстүрді жалғастыруға ниеттіміз. Келесі басқосуды Ақтауда өткізуді ұсынамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Түркия Президенті өзінің және делегациясының атынан қазақ халқының қонақжайлығына алғыс айтып, екі ел арасындағы барлық саладағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүдделі екенін жеткізді.

– Қазақстан экономикасын әртараптандыруға біз әрдайым атсалысып келеміз. Халықты жұмыспен қамтуға байланысты бастамаларыңызға біздің компаниялар да өз үлесін қосатынына сенімдімін. Біз сауда айналымын қысқа мерзімде 5 миллиард, орта мерзімде 10 миллиард долларға жеткізуге келіскен болатынбыз. Әзірге бәрі жоспарға сәйкес жүргізіліп келеді. Көлік-логистика саласындағы ынтымақтастығымыз біздің орта мерзімге жоспарлаған межемізге тез жетуге мүмкіндік береді. Каспийдің маңызы артып келеді. Бакудегі ұшжақты кездесу сәтті өтті. Ақтаудағы басқосу бұл жұмыстарды ілгерілетеді деп сенеміз. Біз жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін арттыру жөніндегі әлем алдындағы міндетімізді тиісті деңгейде орындап келеміз. Бұл тұрғыда астығы мол Қазақстанның әлеуетін пайдалануға болады деп есептеймін, – деді Режеп Тайип Ердоған.

Пікір алмасулардан кейін күн тәртібіндегі 5 мәселеге жауапты екі елдің министрлері сөз сөйледі. Келіссөздерден соң Мемлекет басшыларының қатысуымен ресми делегациялардың мүшелері бірқатар құжаттарға қол қойды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

САЯСИ АРЕНАҒА ЖОЛ

Саясаткер әйелдер клубы мен Әйелдердің саяси көшбасшылығы мектебінің таныстырылымы өтті



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

(Басы 1-бетте)

Кеше Алматыдағы «Достық үйінде» Қазақстанның әйелдер күштері альянсының Алматы қаласы бойынша Саясаткер әйелдер клубы мен Әйелдердің саяси көшбасшылығы мектебінің таныстырылымы өтті. Оған Алматы қаласы әкімінің орынбасары, қала әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрайымы Әсем Нүсіпова қатысты.

– Еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, көкейіндегі ой-пікірлерін білдіруге әркімнің де құқы бар. Бұдан қыз-келіншектер қауымы да тыс қалмайды. Бұл күндері Қазақстанда, оның ішінде Алматыда әйелдердің іскерлігі, көшбасшылық танымалдығы артып келеді. Олар да жауапты қызметтерде өздерінің осал еместігін байқатып жүр. Қазақстанның әйелдер күштері альянсының республика бойынша саясаткер әйелдер клубтарының жұмысын бұрынғыдан да жандандырып, әйелдердің саяси көшбасшылығы мектептерін ашып жатқан қадамына сәттілік тілеймін, – деді Әсем Беккызы.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Ал Қазақстанның әйелдер күштері альянсының төрайымы Раушан Сәрсембаева аталған клубтар мен мектептердің мақсат-мүддесіне тоқталып өтті.

– Тәуелсіздік алған күннен бастап әйелдер қауымы Мемлекет басшысы жүргізіп отырған реформаларға белсенді түрде қатысуда. Әсіресе, қазіргі кезде арулар бизнеске көптеп бет бұруда. Бүгінде әлемдегі дағдарысқа қарамастан, жаңа мүмкіндіктер арқылы шағын және орта бизнесті жетілдіруде бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Сонымен қатар, әйелдер үшін барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауына және парламенттік сайлауға қатысу – өзінің әлеуетін

көрсетуге бірегей мүмкіндік, – деді Р.Сәрсембаева.

Қазіргі күні Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында 49 депутаттың 10-ы әйел депутат, яғни 20%-ды құрайды, Мәжілістегі әйелдердің саны 24% – 107 депутаттың 26-сы әйел. 16 министрдің ішінде Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарын тек 2 әйел басқарады. Толық және тиімді қатысуды және әйелдердің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін шешім қабылдау деңгейінде әйелдердің қатысуын 30%-ға дейін арттыру қажет.

– Әйелдердің саяси өмірге және шешім қабылдауға қатысуын арттыру Қазақстандағы ген-

дерлік теңдік пен тұрақты дамуға қол жеткізудің негізі болып табылады. Сонымен қатар, сайлау алдындағы кезеңде сайлауға қатысты әйелдерге кәсіби дайындық, белгілі бір дағдылар мен құзыреттіліктерді меңгеру, саяси жүйенің техникалық және формальды аспектілерін зерделеу қажет. Осыған байланысты Қазақстанның әйелдер күштері альянсы бүкіл Қазақстан бойынша саясаткер әйелдер клубтарының жұмысын жандандырып, әйелдердің саяси көшбасшылығы мектептерін ашуда, – деді Р.Сәрсембаева.

Әйелдердің саяси көшбасшылық мектебінің міндеттері – қыз-келіншектердің қоғамдық-саяси, заң шығару жұмыстарына, сондай-ақ мемлекеттік құрылымдар мен атқарушы билік органдарына ұсыну үшін кадрлық резерв қалыптастыру; оқытудың тиімді бағдарламасын құру; жетекші әйел саясаткерлермен тәлімгерлік бағдарламасына қатысу. Ал Саясаткер әйелдер клубының көздейтіні – белсенді қыз-келіншектерді мемлекеттік және қоғамдық-саяси жұмысқа ұсыну үшін кадрлық резерв қалыптастыру; әйелдердің көшбасшылық мектептерінің жұмысын ұйымдастыру; өлкенің тарихи тұлғалары арасынан басшы әйелдерді танымал ету. Сөйтіп, әйелдер де саяси аренаға жол салмақ.

ЖҰМЫС ТОБЫ

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы «Кәсіпкерлік» бағыты бойынша 2030 жылға дейінгі жастар саясатының тұжырымдамасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының отырысын өткізді.

«КӘСІПКЕРЛІК» бағыты және жастар саясаты

Отырыс барысында жұмыс тобының мүшелері жастардың кәсіпкерлік құзыретін дамыту, сондай-ақ бизнес білімінің деңгейін арттыру мәселелерін талқылады. Мәселен, жастар ресурстық орталықтарының платформаларын пайдалану арқылы бизнес білімін оқытудың жаңа форматтары қарастырылды.

Іс-шара онлайн форматта өтті. Барлық ұсыныстар мен ұсынымдар 2030 жылға дейінгі жастар саясаты тұжырымдамасын әзірлеу кезінде ескерілетін болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ АРТАДЫ

Алматының Индустриалды аймағында қала басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасымен «Индустриалды» теміржол станциясын пайдалануға беру үшін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бүгінде ағаш шпалдарды (0,39 км жол бөлігінде), темірбетон шпалдарды (548 дана), жауын-шашын жинақтағышының бетон плиталарын және бағыттамалы бұрмаларды бөлшектеу жүргізілді. Теміржолдармен және жауын суы жиналатын жердің астынан су ағатын орындарды тығыздау бойынша жұмыстар атқарылды, 3,6 га аумақ

құраған шөптерден тазартылды.

Қалпына келтіру жұмыстары аясында темірбетон және ағаш шпалдарды ауыстыру (2700 дана), ұзындығы 8,5 км теміржолдарды теңгерімдеу, бағыттамалық бұрмаларды жөндеу және т.б. қарастырылған. Теміржол станциясын іске қосу жұмыстарын биыл жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Жеке теміржол станциясы Индустриалды аймақ инфрақұрылымының негізгі нысанына айналады. Ірі логистикалық орта-

лық – «Боралдай» теміржол станциясына шығу үшін оның ұзындығы 8 шақырымды құрайды. Индустриалды аймақтың резидент компаниялары теміржолдарға жанасуға тиісті техникалық шарттарды алды. Тасымалданып жүктердің күтілетін көлемі жылына шамамен 1,8 млн тоннадай болады.

Алматының Индустриалды аймағының жалпы ауданы – 490 гектар, оның 326-сы – инвестициялық жобаларға, 164 гектары инфрақұрылымға бөлінген.

Бүгінде Алматының Индустриалды аймағында инвестиция көлемі 270 млрд теңгеге 70 компания тіркелген. Олар жалпы құны 120 млрд теңге болатын 20 жобаны іске асырды.

ЖОЛДАУ – 2022

«Open medical Channel» медициналық орталығында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауын түсіндіру мақсатында Аманат партиясы мүшелерінің қатысуымен «Дөңгелек үстел» ұйымдастырылды. Іс-шараға медицина қызметкерлері қатысып, өз ойларын ортаға салды.

ЖАҢА СЕРПІН



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Жиын барысында Алматы қаласы мәслихатының депутаты, Аманат партиясының мүшесі Гүлжан Бекенова Жолдаудағы негізгі басымдықтарға кеңінен тоқталып, маңызды түсіндірді. Сондай-ақ, Жолдаудағы бес бағдарды қолдау бағыты бойынша баяндамалар тыңдалып, оны іске асырудың негізгі бағыттары талқыланды.

«Жолдау еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын бағдарлап, алдағы саяси өзгерістерді айқындап берді. Бес бағдарды қамтитын саяси құжатта Ел Президенті «Мемлекет, ең алдымен бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі

жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтарға қолдау білдіреміз» деп атап өтті. Расымен-ақ, қазіргі уақытта біз қарапайым еңбек адамдарына, олардың еселі жұмыстарын аса жоғары бағалап, жағдайын жақсартуға күш жұмсауымыз қажет деп санаймын», – дейді Алматы қаласы мәслихатының депутаты Гүлжан Бекенова.

Басқосу соңында іс-шараға қатысушылар Жолдау еліміздің өркендеген мемлекетті қалыптастыру жолындағы одан әрі ілгерілеуінің стратегиялық бағытын белгілегенін, оған әрбір азамат өзінің лайықты үлесін қосу керектігін атап өтті. Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы ел дамуына жаңа серпін беретініне сенімді екендерін жеткізді.

ЦИФРАНДЫРУ

ШҰҒЫЛ ЖЕЛІ

Жыл басынан «112» нөміріне 5 миллионға жуық қоңырау келіп түскен

«112». Бұл Бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметінің телефон нөмірі. Осы нөмір бойынша тәулік бойы төтенше жағдайдың қаупі немесе туындауы не шұғыл көмекті қажет ететін өзге де жағдайлар туралы хабарлама қабылданады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ҚР ТЖМ Дағдарыс жағдайларда басқару орталығының мәліметінше, «112» шұғыл нөміріне 4 901 489 рет қоңырау шалынған. Оның ішінде жеделден қоюды талап ететін ТЖМ

желісі бойынша өрт, су тасқыны, қар кептелісі, төтенше жағдайға тап болған адамдардан 461 701 қоңырау түсті. Ведомство өкілдерінің айтуынша, әр жағдайда оларға көмек көрсетіліп, ақпарат әрекет үшін құзыретті қызметтерге берілген.

Сонымен қатар, «101» табиғи, техногендік және тұрмыстық өрт



бойынша 412 329 қоңырау қабылдаған. Диспетчердің пультіне уақытылы хабарлау кезінде өрттің дамуына жол бермеу және таралуын болдырмау мүмкіндігі бірнеше есе артатынын атап өткен жөн. Бұл мәселе жылыту маусымы қарсаңында ерекше өзекті болып отыр. Естеріңізге сала кетейік, жедел қызметтердің телефондары келіп түсетін хабарламаларды қабылдау және өңдеу процесінің объективтілігі мен жетілдіру үшін (112, 101) нөмірді анықтау бағдарламасымен және сөйлеуді жазу жүйесімен жабдықталған.



САЙЛАУ – 2022

«ӘДІЛ САЙЛАУ ҮШІН»

ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Қазақстан заңгерлер одағы» Алматы қалалық филиалының төрағасы Бауыржан Мақұлбаевтың қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Ол сондай-ақ, «Әділ сайлау үшін» қалалық штабын басқарады.



Нұржамал ӘЛІШЕВА



Бұл қозғалыстың негізгі міндеті – заң қоғамдастығының сайлау науқанының барысын құқықтық мониторингiлеу және сайлау процесiне қатысушыларға сайлау заңнамасын қолдану тәртібін түсіндіру. Штаб құрамына Қазақстанда және шетелде танымал заңгерлер енген.

Спикердің айтуынша, олардың жұмысы сайлау науқанының барысына мониторинг жасау шеңберінде БАҚ-пен, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды күшейтуге бағытталған.

Бауыржан Мақұлбаев ӨКҚ алаңында БАҚ өкілдері тарапынан алдағы президенттік сайлау тақы-

рыбы бойынша қойылған сұрақтарға жауап берді. Президенттікке кандидаттарға қойылатын талаптар туралы айтты. Сондай-ақ, дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 50%-дан астам дауысын жинаған және қайта дауыс беру кезінде көбірек дауыс жинаған үміткер Республика Президенті болып саналатынын хабарлады.

«Биылғы 21 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президентті кезектен тыс сайлау туралы Жарлыққа қол қойды. Сайлау алдымыздағы 20 қарашада өтеді. Кезектен тыс президенттік сайлау Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және олар тағайындалған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі», – деді спикер.

Сонымен қатар, Бауыржан Мақұлбаев Қазақстандағы сайлауларда қалай бақылаушы болуға болатыны туралы атап кетті.

«ҚР азаматы бақылаушы болу үшін 18 жастан асқан және саяси партиялардан, өзге де қоғамдық бірлестіктерден, коммерциялық емес ұйымдардан бақылаушы өкілеттігі болуы керек», – деді спикер.

Сондай-ақ, Б.Мақұлбаев алдағы 20 қарашада жалпыхалықтық дауыс беру қорытындысы бойынша жеңіске жеткен кандидат 7 жыл мерзімге Қазақстанның келесі Президенті болып сайланатынын айтты.

Сайлау алдындағы үгіт-насихат науқаны 2022 жылғы 21 қазан, сағат 18.00-де басталып, 2022 жылғы 19 қараша, сағат 00.00-ге дейін 28 күнге созылады. Онымен қоса өзіндік талаптары да бар. Мәселен, 19 қараша – «тыныштық» күні.

«ҚР-дағы Сайлау туралы» Заңға сәйкес сайлау күні және оның алдындағы күні кез келген сайлау алдындағы үгіт-насихатқа тыйым салынады. Сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстары кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау күнінің алдындағы күннің жергілікті уақыты бойынша сағат 00.00-де аяқталады.

Сайлау қорытындылары олар өткізілгеннен кейін жеті күн мерзімнен кешіктірмей шығарылатын болады.

АССАМБЛЕЯ

Алматы қалалық Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласының Қоғамдық келісім жұмысына және Мемлекет басшысының Жолдауы мен этномәдени орталықтарды қолдауға арналған баспасөз конференциясы өтті. Қазақстан корейлері қауымдастығы төрағасының кеңесшісі, профессор Георгий Кан Қазақстан халқы Ассамблеясында атқарылып жатқан жұмыстар жайлы айтып өтті.

ДОСТЫҚ ҮЙІ – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ БІРЛІГІНІҢ СИМВОЛЫ

Ақтолықын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Быттыр ғана бой көтерген Алматы қаласы Достық үйінің шаңырағының астында түрлі этномәдени бірлестіктер орналасқан, олардың жалпы саны 35-ке жуық. Мегаполисте 10 республикалық және 4 өңірлік этнобірлестіктер орналасқанын атап өткеніміз жөн болар.

«2022 жыл бізге жаңа міндеттер жүктейді. Мемлекет басшысының, Парламенттің, жергілікті мәслихаттардың кезектен тыс сайлауы жарияланды. Ассамблеяның барлық төрағалары бір командада жұмыс істейді, ашық, объективті сайлауға, сенім мандатына күш жұмылдырамыз», – дейді Георгий Васильевич.

Мәдени құндылықтардың сақталуы туралы айта отырып, Георгий Кан Достық үйінде ұлттық билерді үйрететін мектептер, түрлі бірлестіктер бар екенін хабарлады. Сондай-ақ, барлық жастарды бүкіл ел бойынша біріктіретін «Жастар ассамблеясы» жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Мәдени-тәрбие жұмысын Достық үйіне бару арқылы көруге болатынын, онда оқу сыныптарында мемлекеттік тіл мен этностардың тілдерін оқуға жағдай жасалғаны жайлы баяндады.

«Алматы Достық үйінің қызметкерлері ұлттық мәдени орталықтарға іс жүзінде көмектесу үшін мегаполисте тұратын этностардың халықтық фольклорын, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін насихаттау міндеті болып табылатын барлық жобаларды үнемі іске асыруда. Мұнда жастардың шығармашылығына, қызметіне ерекше назар аударылады», – дейді ол.

Ең бастысы, Достық үйі республикалық ауқымдағы ірі іс-шара-



лар өткізілетін орын, оның басты белгісі – жүргізіліп жатқан әлеуметтік жұмыстар екендігі баршаға аян.

«Әлеуметтік жұмыс әдепкі қалпы бойынша жүзеге асырылады. Барлық этномәдени адамдар мұқтаж жандарға көмек көрсетеді, әсіресе, бұл пандемия, локдаун кезеңінде байқалды. Ассамблея азық-түлік, дәрі-дәрмек, бетперде тасымалдайтын мобильді топ құрды. Мысалы, Корей театрында әртістер отырып, бетперде тікті», – деп жалғастырды Георгий Кан.

Корей қауымдастығы туралы айта келе, ӨКҚ спикері 2022 жылы Қазақстан мен Корея Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толатынын айтты. Бұл екі ел үшін де үлкен оқиға.

Сондай-ақ, Георгий Кан сияқты этномәдени бірлестіктердің көшбасшылары ҚР Президентінің Жолдауында белгіленген ортақ міндеттерді шешуге бағытталған қаладағы барлық әлеуметтік және саяси оқиғалардың толыққанды қатысушылары болып табылатынын атап өткен жөн.

ЕҢБЕК АДАМЫ

«ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР» ОРТАЛЫҒЫ

Мегаполисте мүмкіндігі шектеулі жандардың арбасын жөндейтін ұстахана ашылды.

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бұл нысан «Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған техникалық қызмет көрсету орталығы» деп аталады. Орталықты ашқан жас кәсіпкер Дәурен Әлихан есімді жігіт. Ол осы орталық арқылы тағдырлас жарымжан жандарға көмек көрсетуді ойлаған.

«Арбадағы адамдардың жағдайын жақсы түсінемін. Кейбіреулерінің арбасы сынып, жазым бола жаздаған кездері болды. Қаламызда мұндай орталық жоқ болғандықтан ашу керектігін түсіндік. 2020 жылдан бастап іске кірістік, мемлекеттік грантка ие болдық. Алайда, ол жер бізге тарлық еткендіктен, «Бақорда Строй Сити» сауда орталығында 192 бұтикте өз жұмысымызды бастадық. Қазіргі уақытта жаңа жобаларды қолға ала бастадық. Бүгінде бізге еліміздің әр өңірінен Қызылорда, Талдықорған секілді қалалардан тапсырыс келіп тұсуда. Қазіргі уақытта бізде 7 бірдей адам жұмыс істейді. Біз сынған, жарамсыз деген арбаларды жөндеп, иелеріне табыс етеміз. Осы ретте бізге қолдау білдірген әкімдікке ерекше алғысымызды білдіреміз», – дейді «Inclusion.kz» ЖШС директоры Дәурен Әлихан.

Бүгінде ол жобадан бөлінген қаражатқа орталықтың техникалық жөндеу құрылғылары қатарын толықтырған. Шеберхана жанынан шағын цех ашып, бір мезгілде бірнеше арба жөндеу мүмкіндігіне жол ашты. Қазіргі таңда мұнда бірнеше жанды жұмыспен қамтып отырған жайы бар.

«Мүгедектігі бар тұлғаларға арбалар тегін берілді. Ол үшін біздің орталыққа жүгініп, өтініш-



Суретті түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

терін қалдыруы қажет. Біздің орталық арқылы қазіргі уақытта 5 мыңнан астам адам кресло-арбаларды алған. Заң бойынша арбалар 7 жылда бір рет ауыстырылады. Мерзіміне жетпей бұзылған, сынған арбаларды жөндеу үшін бізге осындай орталықтар қажет. Қазіргі уақытта жігіттер өз жұмыстарын кеңейтіп, жаңа орындар ашып жатқан жайы бар. Алматы қаласында тұратын тұлғалар біздің мекемеге келіп, осы жерден тегін көмек ала алады», – дейді «Тең мүмкіндіктер» орталығының басшысы Аманат Сұлтанғазиев.

Ереже бойынша жарымжан жандар мемлекет тарапынан берілетін арбаға жеті жылда бір рет қол жеткізеді. Алайда, осы уақыт аралығында арбалар бұзылады, бір құрылғысы болса да істен шығады. Жаңадан арба сатып алуға көбісінің қалтасы көтермейді. Ал мұны жөндейтін маман тапшы, тіпті жоқ деуге де болады. Сондықтан осы мәселені шешуді ойлап, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған техникалық қызмет көрсету орталығының ашылғаны көптің қуанышына айналды десек, артық айтпағанымыз болар.

Дәуреннің сапалы жұмысына сұраныс жоғары. Тіпті, еліміздің өзге аймақтарынан да тапсырыстар түседі. Телефон арқылы хабарласып, арба жөндеп беруін сұраушылар жетерлік. Кәсіпкер арбаларды жөндеумен қатар жаңа жобаларды жүзеге асыра бастаған. Кресло-арбалардың жүруіне ыңғайлы болу үшін электрлі приставка ойлап тапқан. Шетелдерде мұндай құрылғыларға жалғанған кресло-арбалар 1 млн тт үстіндегі бағада сатылады. Ал бұл жігіттерден алсаңыз, жалпы сомасы 300 мың тт айналады.

«Қазіргі уақытта біздер электрлі арбаларды алмастыратын приставкалар жасап жатырмыз. Оның құрылымы да өте қарапайым. Алмалы-салмалы. Ешкімнің көмегін қажет етпейді. 30 км қашықтықты жүріп өте алады. 2 сағат ток көзіне қойсаңыз, 24 тәулік емін-еркін тоқтаусыз жүре аласыз. Бағасы да қолжетімді. Мұндай приставкаларды жасауға 1 апта кетеді. Қарапайым электрлі самокаттарды бөлшектеп, кресло-арбаларға ыңғайлап жасаймыз. Жылдың қай мезгілінде болсын, еркін жүре аласыз», – дейді «Inclusion.kz» ЖШС директоры Дәурен Әлихан.

ҚАРТТАР – ҚАЛА ҚАЗЫНАСЫ

ҚАРИЯЛАР МҰҢАЙМАСЫН

«Жас жүрген жер – мереке, Қарт жүрген жер – береке» дейді дана халқымыз. Ата-әжелер бар үй әрқашан ынтымақ пен берекеге толып тұратын сияқты көрінеді маған.

Үйімізден қонақ та үзілмей, әр күніміз мерекеге айналады. Сол кісілермен бірге бір дастархан басында отырып, әңгімелескеннің өзі бір ғанибет қой. Ал ата мен әженің балаға беретін тәрбиесі мүлде бөлек әңгіме. Олар немерелерінен бар тәттісі мен дәмдісін аямаған, жақсы мен жаманды айыруға баулып, жарқын болашаққа жол сілтеген, мейірімді ұстаз, қамқор ата-ана бола билген алтын жандар.

Иә, ХХІ ғасыр – сөзсіз жаңа технологияның заманы. Барлығы білім алуға, бай болуға ұмтылып, алайда адами құндылықтарын жоғалтып алғанды әсер қалдырады. Ежелде ата-анасын төрінен түсірмей, аялап бағып қараса, осының

барлығы уақыт өте келе өзгере бастағандай. Кей қариялар мәнді де сәнді өмір сүріп, қартайған шағында балаларынан рахат көріп, отбасының ұйытқысы болып отырса, енді біреулері дәл қызық көретін шағында тысқары қалып, жалғыз өмір сүріп жатыр. Қарттар үйінде терезеге телмірумен, әр сағатын сағынышпен өткізіп жатқандар да аз емес.

Қартайған шағында қарияларымыз мұңаймасыншы дегім келеді.

Эльдана ЖҰМАДІЛ,
Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті журналистика мамандығының 2-курс студенті.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

Сары күздің салқын лебі сезілсе де, қала саябақтарында серуендейтін халық әлі де көп. Бірақ кейінгі кездері қала тұрғындарының арасында осы бір демалыс орындарына қатысты арагидік сын айтылып қалып жүр. Расында да, көпшіліктің сүйікті демалыс орындары заман талабына сай ма? Саябаққа қатысты жұрттың талап-тілек, өтініші қандай? Біз бұл жолғы саяхатымызды қала саябақтарына арнадық.



– Саябақтың іші біз үшін таптырмас демалыс орны. Енді қыс мезгілінде де осылай шүйіркелесіп отыратын жылы жер болса... – дейді қариялар.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚАЛА СӘНІ – САЯБАҚ

көпшіліктің сүйікті демалыс орындары заман талабына сай ма?

БІЗ БАЙҚАҒАН КЕМШІЛІКТЕР

Алдымен Медеу ауданына қарасты аумағы 18 гектар жерді алып, Қазыбек би, Зенков, Гоголь және Қонаев көшелерінің арасында орналасқан 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағына ат басын бұрдық. Көпшілік үшін сүйікті демалыс орнына айналған саябақ әлі де жап-жасыл жапырақтарымен айналасына сән беріп тұр. Саялы бақта халық баршылық екен. Демалып отырғандардың басым көпшілігі егде жастағы қариялар мен баласын арбасына салып алып, серуендеп жүрген аналар. Саябақ студенттер үшін де жайлы мекен екені көрініп тұр. Оны біз әр жердегі орындықтарда топталып отырған жастардың көптігінен байқадық. Парк Гоголь көшесі мен Қазыбек би көшесінің арасын алып жатқандықтан, екі ортаны төте жол ретінде пайдаланатын жаяу жүргіншілер де мұнда бір толастамайды. Саябақтан құстың сайрағаны мен талдан-талға оңай секіріп жүрген ақ тынды да көруге болады.

Мақсатымыз – жалпы саябақ туралы жұрттың пікірін білу болған соң, біз анайда арқасын кеңге салып, жайбарақат демалып отырған, жас шамасы 60-тан асқан асқан ағасына қарай бет алдық.

– Қайырлы күн, аға! Есіміңіз кім? Сізге бір-екі сұрақ қойсақ бола ма?

– Амансындар ма? Тыныштық па? Не сұрақ? Ал жауап беріп көрейік... – деді ағамыз сәл бойын тіктеп отырып жатып.

– Қала саябақтарын аралап жүр едік. Саябақ сізге несімен ұнайды? Мұнда жиі келесіз бе? Қандай талап-тілек, ұсыныстарыңыз бар? – деп ойдағы сұрақтың бәрін бір деммен айтып барып, бір-ақ тоқтадым.

– Есімім – Бекет. Осы мандағы үйлердің бірінде тұрамын. Саябаққа кемпіріміз екеуіміз жиі келеміз. Бір ғана ұсыныс айтайын. Мұнда иттер көп. Әсіресе, таңертең ит жетектегендерден аяқ алып жүре алмайсың. Негізі, сендер таңертең ертерек келулерің керек еді. Сонда итінің мойнындағы қарғы-бауын шешкен кездегі көріністі өздеріңіз көрер едіңіздер. Ана жақтан мына жаққа қарай шапқылағанда құдды бір сені қауып алатындай зәре-құтыңды алады. Ол-ол ма, бостандыққа шыққан ит әр ағаштың түбіне барып сарып жатады. Аяқ басқан жердің барлығы иттің нәжисі. Саябақтың жері үлкен, аумағы кең дегеніңізбен, бұл иттерге емес адамдарға, яғни бізге бір мезгіл тыныстап, демалу үшін жасалған қоғамдық орын емес пе? Өз басым саябақтарды қала құндылықтарының біріне жатқызамын. Өйтпесе, саябақ өте жақсы. Осы бір иттерге қатысты мәселені қолға алсаңыздар. Шетелдерде мұндай көпшілік жиналатын орындарға иттерді мүлде апармайды. Бізге де осындай қатаң талап пен тәртіп керек, – дейді Бекет аға.

Саябақтағы иттердің көптігі жайлы қала тұрғыны, белгілі жазушы-журналист Күдияр Біләл ағамыздың басылымдардың біріне жазған «Саябақты итшабарға айналдырмайық» атты мақаласынан да оқығанымыз бар. Онда әріптес ағамыз таңертеңгісін 28 панфиловшылар атындағы паркте таза ауамен демалып, қидырыстап жүретінін айтып, бірақ саябақ ішінде әрі-бері шапқылаған иттер мазаны алатынын жазған. «...бостандыққа шыққан иттер осында ойнақ салады. Бұл аз дегендей, оларға қаңғыбас иттер қосылады. Айналасың бәрі ию-кино.

Демалған құрлы болмайсың! Еріксіз сыртқа шығасың. Болмаса, бір ауық жасыл шөп үстін жалаңаяқ басып жүргің келеді. Алайда, ол мүмкін емес. Аяқ басқан сайын иттің нәжисі. Сондай-ақ, ағаш саясында да дамылдап отыра алмайсың. Қай ағашқа да ит сарып кеткен» дей келе, «Парк – қаланың көркі. Және де ол біреудің жекеменшігі емес. Демек, қала басшылығының осындай құндылыққа назар аударғаны жөн-ақ. Өйтпесе, мынадай демалыс орнында өзге де аң-құс түрлері бой көрсете бастауы кәдік», – деп жазған болатын. Оқырманымыз мақаласында аталмыш саябақтың атын Бауыржан Момышұлының есімімен атауды ұсыныпты. Несі бар, саябақ ел есінде ерлігімен, өр мінезімен есте қалған батыр

Ал Алмалы ауданында 5 саябақ бар. Солардың бірі М.Ганди атындағы саябақта да халық көп серуендейді. Демалыс орнында балаларға және спортқа арналған қос алаң, иттерді қидыртатын 120 шаршы метрлік бөлек жер қарастырылған.

«ҚЫСТА ДА ОСЫЛАЙ ОТЫРҒЫМЫЗ КЕЛЕДІ»

Алмалы аудандық көріктендіру бөлімінің басшысы Әкімхан Төлегеннің айтуынша, жергілікті әкімдік саябақты жөндемес бұрын халықтың талап-тілегін ескерген.

Бүгін де паркте адам көп екен. Балаларын ойнатып жүрген әжелер де, сәбиін арбаға салып алып серуендеп жүрген аналар да осында. Бөпесін күншуақта көтеріп, таза

аудан әкімшілігіне айтар ұсынысы да жоқ емес екен.

– Халық үшін атқарып жатқан әрбір істеріңізге алғыс айтамыз. Саябақтың іші біз үшін таптырмас демалыс орны. Бізге енді қыс мезгілінде де осылай шүйіркелесіп, әңгіме айтып, арасында шахмат, дойбы секілді ойындарды ойнап отыратын жылы жер керек. Әкімдік осы жағын қарастырып берсе, нұр үстіне нұр болар еді... – дейді қарттар атынан өтініш білдірген Қасқырбай Сәтжан ақсақал.

АТЫНА ЗАТЫ САЙ БОЛСА...

Алматыда ірілі-ұсақты саябақтар көп. Олардың бүгінгі көрінісі анау дейтіндей жаман емес. Өйткені, жыл сайын оларды күтіп-баптауға арнайы қаражат бөлінеді. Барлығына тақтайдай түзу жол салынып, тротуар бойына орындықтар орнатылған. Балаларға арналған аттракциондар, ашық аспан астында спортпен шұғылдануға арналған арнайы құрал-жабдықтар да бар. Кеш қарая барлық саябақтың іші самаладай жарқырап тұрады. Қоқыс жәшіктері мен суару жүйелері де қарастырылған. Ресми деректерге сүйенсек, бүгінде қалада жалпы алаңы 631,2 га болатын 211 саябақ аумағы бар екен.

Бүгінгі таңда Алматы билігі қалаға кейіннен қосылған елдімекендерге де ерекше көңіл бөліп жатыр. Шеткі аудандарда да саябақтар бой көтеріп, халық игілігі үшін жұмыс істей бастады. Солардың бірі – Қала күні мерекесі қарсаңында пайдалануға берілген Наурызбай ауданындағы жаңа саябақ. Мектеп оқушылары бес күндік оқу кестесіне көшкелі бері ұстаздар да сенбі, жексенбі күндері демалады. Уақытын ұтымды пайдаланатын жандар дәл осы екі күнде бос уақытын таза ауада өткізетін болып жүр.

– Наурызбай ауданының тұрғынымын. Жакында бізде мынадай әсем саябақ ашылды. Бұрын балаларымызды орталыққа апарып, қидырып келетінбіз, кейде тіпті алыстығын сылтаураып бармай қалатын кездеріміз де көп болатын. Қарттары шүйіркелесіп әңгіме айтса, жастар жағы топтасып отырып ән шырқап, баланың алаңсыз күлкісі Алматының аспанын шайдай ашық етіп жатса, бұдан асқан бақыт бар ма?! Енді осындай орындарды тұрғындар күтіп ұстасақ, бұл жерлер балаларымыз үшін де, өзіміз үшін де ұзақ қызмет етсе, саябақтар атына заты сай болса дейміз.

Қазір қит еткен қыңыр қылығын көпшілікке жылдам таралады. Иттерге көгалдандырылған аймақтарды бастырмауын және өздерімен бірге үй жануарларынан қалған қалдықтарын жинап жүру үшін әрдайым арнайы қалташа алып жүруін қадағалау керек, – дейді Қарлығаш Қидыралқызы.



– Алматының саябақтарын аралаудың өзі бір ганибет қой, шіркін! – дейді Эльмира СЫДЫҚҚЫЗЫ.

атамыздың есімімен аталып жатса, қуанбасак, ренжімейтініміз анық.

ШАРА ҚОЛДАНЫП ЖАТҚАН МЕКЕМЕ ЖОҚ

Алматылықтардың жоғарыдағы біз әңгімеге арқау еткен саябаққа қатысты ойлары мен ұсынысы бір арнаға тоғысқаны, бұл – шын мәнінде құзырлы орындар назарында болатын мәселе екенін аңғартса керек. Өйткені, саябақ – көпшілікке арналған қоғамдық орын. Мұнда иттерді қидыртуға мүлде болмайды.

Тіпті, серуендеткен күннің өзінде, жануар иесі итінің артын жинап, мал дәрігерлік куәлігін өзімен алып жүруі – міндетті. Ережелерде үй жануарларымен балалар алаңында, спорттық алаңдарда, мектепке дейінгі балалар аумағында, тыйым салынған жерлерде серуендеу қарастырылмаған. Өттеген-айы, мұны елеп-ескеріп, шара қолданып жатқан жанды һәм мекемені әзірге көрмей тұрмыз.

Орталық саябақта жаз кезінде болмаса, арнайы барып демалатындар некен-саяқ. Өйткені, күн салқын. Саябақ қызметкерлерінің айтуынша, мұнда негізінен ата-аналар балаларын қидыртып, Хайуанаттар әлеміне саяхат жасағанды көбірек ұнатады. Саябақтың іші әсіресе жаз кезінде қызыққа толы...

ауамен тыныстап тұрған апайдың қасында жақындап, жөн сұрадық.

– Қызымның үйіне қонаққа келгенмін. Олар анау үйде тұрады. Қолымдағы – немерем. Бір мезгіл осылай күзгі баққа саяхат жасағанды өзіміз әдетке айналдырғанбыз. Саябақтың іші қарапайым халық үшін өте қолайлы жасалған. Әсіресе, жаз мезгілінде мұнда қидырудың өзі адамға ерекше көңіл күй сыйлайды. Жалпы, Алматының саябақтарын аралаудың өзі бір ганибет қой, шіркін! Мұндай сәт әсіресе күннің көзі нұрын төгіп, айналаң жап-жасыл болып тұратын жаздың жаймашуақ күндерінде болса, тіпті керемет! – дейді Эльмира Сыдыққызы.

Сәл әріректегі алаңда үстел басында жиналып алып, әңгіме-дүкен құрып отырған ақсақалдарды кездестірдік. Зейнеткерлердің

P.S. Жалпы, қала саябақтарындағы бүгінгі тыныс-тіршілік осындай.

Күйкі тірліктен шаршаған кезіңізде жаныңызға демалыс сыйлайтын мұндай демалыс орындарының мүмкіндігінше тазалығына көп көңіл бөлінсе дейміз. Одан кейін жеті қазынаның бірі саналатын иттерге қатысты көпшіліктің шағымы да орынды. Қоғамдық орындарда үй жануарларын серуендеткенде олардың өзге тұрғындарға қауіп тудырмауын қамтамасыз ету маңызды.



САЙЛАУ – 2022

Асанәлі ӘШІМОВ,
Қазақстанның Еңбек Ері,
КСРО-ның Халық артисі:

САЯСИ ДОДАДАН ТЫС ҚАЛМАЙЫҚ



Биылғы 20 қарашада кезектен тыс Президент сайлауы болады. Бізге тұрақтылық пен ауызбіршілік, күшті Президент пен ықпалды Парламент керек. Сондықтан бұл сайлауды халықтың өзіне беріліп отырған үлкен мүмкіндік деп білемін.

Қолдаймын сайлауды. Сайлаудан кейін жалпы мынау халықтың әл-ауқаты, халықтың мәдениеті, әдебиеті, ғылымына көп көңіл аударамыз деген уәделер бар, соған сенемін мен. Болашақ үшін, жақсылықтар үшін, еліміздің абыройының биіктей беруі үшін отандастарымды сайлаудан тыс қалмауға шақырамын.

Бақыт БЕДЕЛХАН,
ақын, ҚР Жазушылар одағы
басқармасы төрағасының
орынбасары:

ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ ҚАДАМ ЖАСАЙМЫЗ



Қасым-Жомарт Кемелұлы өте дұрыс шешім қабылдады. Бұл сайлаудан кейін жоба-жоспарларын жүзеге асырса, шынымен де Қазақстанның жаңа кезеңіне қадам басамыз деп ойлаймын. Қазақ деген ел алтын қазық бола алмасақ, ұлттық мүддені, ұлттық идеологияны алға шығармасақ, Қазақстан мемлекеті кімге керек?

Жаһандану кезінде, өркениеттің заманында, бәрі бәсекеге, жарысқа түскен заманда әр мемлекет өз тұғырын тіктеп, туын желбіретіп ұстап тұра алу үшін де үлкен күш керек, бірлік керек, ынтымақ керек. Сондықтан бес саусақтай бүгіліп, жұдырықтай жұмылып, сол бірлік пен ынтымаққа жұмыс істеуіміз керек.

Абзал ӘРІПОВ,
Наурызбай ауданы
бойынша Жастар ресурстық
орталығының жетекшісі:

РЕФОРМАЛАР ӨЗ НӘТИЖЕСІН БЕРУІ КЕРЕК

Менің ойымша бұл сайлау барша жастарымыз үшін өте маңызды. Елімізде саяси өзгерістер болып жатыр. Мысалы, Президент сайлауына түсетін адам кандидат ретінде өзін бір рет ұсына алады. Мемлекет басшысы 2019 жылдан бастап біраз реформа ұсынды. Алдағы сайлау сол реформаларды іске асыру үшін маңызды қадамдар жасалмақ. Реформалар өз нәтижесін беруі керек. Сайлаудан әділеттілікті, тұрақтылықты күтеміз. Мен елімнің болашағына сенемін, оның көркейіп жанданғанын мәңгі қалаймын.

20 қараша 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ПРЕЗИДЕНТТІККЕ КАНДИДАТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- КАНДИДАТ ТУМЫСЫНАН
ҚР АЗАМАТЫ БОЛУЫ ТИІС
- 40 ЖАСҚА ТОЛҒАН **40+**
- МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ
ЕРКІН МЕҢГЕРГЕН
- СОҢҒЫ 15 ЖЫЛ БОЙЫ
ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАТЫН
- ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ
- МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ
КЕМІНДЕ 5 ЖЫЛ ЖҰМЫС
ТӘЖІРИБЕСІ БАР
- БЕЛСЕНДІ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНА
ИЕ АЗАМАТ БОЛУЫ ТИІС

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Жолаушы ТҰРДЫҒҰЛОВ,
қолөнер шебері, ҚР мәдениет
қайраткері:

БҰЛ САЙЛАУДАН ҮМІТІМІЗ КӨП

Әділетті Қазақстанды құру үшін көптеген жаңа дүние жасалатын болады. Онымен қоса кедергілер де болатыны анық. Сол жағын халық дұрыс түсіну керек. Алдағы сайлауда ел Президенті 7 жылға сайланады.

Бұл сайлаудан күтетініміз көп. Ел президенттігіне сайланатын тұлғаларымыз халықтың жағдайын әрмен қарай жақсарту берсін. Еліміз дамыған елдердің қатарында сап түзеп, жастарымыз жалындай берсін деген ниеттеміз.



20 қараша ноябрь 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Сайлауға қатысудың кепілі – Сізді сайлаушылар тізіміне қосу

Тізімдерді дұрыс беруге арналған нақты ұчаскеңіздің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды

Тұрақты тіркеу жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша жылдық тексеру берген етінішінің негізінде енгізіледі

Дауыс беру күні тіркелген жері бойынша сайлау ұчаскесіне келе алмайтын әрбір азамат

дауыс беру күніне бір ай қалғанда, яғни 2022 жылғы 20 қазанның

кешіктірмей тиісті әкімдікке етініш беріп, олардың нақты орналасқан жері бойынша сайлау ұчаскесінде тіркеуге құқылы

Етініш түскен өзде әкімдік азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін ұчаскеңіз тізіміне енгізуді ұйымдастырады

ОСЫ ҚҰҚЫҚТЫ:

- 1 дауыс беру күні тіркелген жері бойынша болмайтын билетін азаматтар
- 2 басқа қаладан келген, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер
- 3 бақталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНЕ ТІРКЕЛГЕН ЖЕРҮЗІ БОЙЫНША ЕНГІЗІЛГЕННІЗДІ ТИІСТІ ӘКІМДІКТІҢ САЙТЫ НЕМЕСЕ CALL-ОРТАЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ ТЕКСЕРУЕ БОЛАДЫ

2022 жылдың 4 қарашасынан бастап

Сізге өз ұчаскеңіздігі сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі берілетін болады

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



ЖОЛДАУ – 2022

ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ ЕРЕКШЕ ЫҚЫЛАС ТАНЫТТЫ

Алматы қаласының Білім басқармасына қарасты «Үміт үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жаңа Жолдауы талқыланды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Amanat партиясының бастамасымен «Үміт үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ел Президентінің 1 қыркүйек күні жариялаған Қазақстан халқына Жолдауы талқыланып, еңбек ұжымына оның негізі бағыттары түсіндірілді. Айтылған жиында Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының директорлар кеңесінің төрағасы, медицина ғылымының докторы Мария Омарова спикер ретінде ақпараттық-насихаттық жұмыстар жүргізді.

«Міне, бір айдан астам уақыт Президент Жолдауын талқылап жатырмыз. Себебі, әрбір Жолдау бұл – сіз бен біздің келешектегі мақсатымыз бен міндетіміз. Қыркүйектің бірінші жұлдызында жарияланған жаңа Үндеу «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атымен шықты. Онда денсаулық сақтау саласына үлкен көңіл бөлінді. Әрине, денсаулық сақтау саласы болсын, ғылым саласы болсын, мәдениет саласы болсын, өте өзекті мәселелер көп. Бірақ оның ішінде Президентіміздің медицина проблемаларына назар аударып, өз сөзінде нақты шешімдер айтқаны көңіл қуантады. Әсіресе, ауылдардағы денсаулық сақтау саласына мән берілді. Нақты айтқанда емдеу мекемесі жоқ 650 елді мекенде алдағы екі жылда медициналық және фельдшерлік-акушерлік бөлімшелер салынып, қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етілетіні айтылды. Осылайша мемлекет бір миллионнан астам адамның алғашқы медициналық-санитарлық көмек алуына мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, ұлттық жоба аясында 32 аудандық аурухана заманға сай жаңартып, ауданаралық көпбейінді мекемеге айналмақ. Онда инсульттен емдеу орталықтары, хирургия, жансақтау және оңалту бөлімдері ашылады. Соның арқасында төрт миллионнан астам адамға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыру көзделіп отыр», – деді Мария Омарова.

Сондай-ақ, М.Омарова Жолдау барысында айтылған өзге де маңызды мәселелерге тоқталды.

«Мемлекет басшысы қыркүйек айындағы Жолдауында сапалы дәрігерлерді дайындау мәселесіне де аса мән берді. Білім беру саласында сан емес, сапа басты орында екенін айтты. Оған қоса, резидентураның мемлекеттік грант көлемін 70 пайызға көбейту керектігін хабарлады. Өздеріңіз де білесіздер ғой, сапалы дәрігерлер жетіспейді. Сондықтан бұл Қазақстан медицинасын дамытудағы өте тиімді қадам», – деді ол.

Айта кеткен жөн, Алматы қаласы Білім басқармасының «Үміт үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тәрбие мен білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін ұйымдық-құқықтық түрде құрылған, заңды тұлғаның мәртебесіне ие, коммерциялық емес мекеме болып саналады. 1994 жылы «Бәбек» қайырымдылық қорының бастамасымен ашылған «Үміт үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі республикадағы ерекше, жаңа үлгідегі баламасы жоқ мекеме. Бұл мекемеге туғаннан 7 жасқа дейінгі денсаулығында кінәраты жоқ, ата-анасынан әлеуметтік жағдайының нашарлығына байланысты уақытша ажыратылған балалар қабылданады. Атап айтқанда, жалғызбасты студент аналар мен жалғызбасты әкелер немесе асыраушысының біреуінен айырылған балалар келіп түседі де, өз мүмкіндігі асырау халіне жеткен кезде алып кетеді. Қазіргі уақытқа дейін 604 бала тәрбиеленіп, отбасына оралып отыр.



ЖОЛДАУ–2022:

Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Тағы да қайталап айтамын. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Мен Ұлттық құрылтайда және «Жастар рухының» съезінде бұған арнайы тоқталдым. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ЖҮРЕККЕ АПАРАР ЖОЛ

Толғанай Махамбетәли – «Алматы қаласы музейлер бірлестігіне» қарасты Алматы музейінің ғылыми хатшысы. Ал бұл жауапты қызметке дейін аталған музейде экскурсовод болды, одан соң кіші ғылыми қызметкер атанды. Жас маманның Түркияда Қазақстанның музей ісі мен тарихи ескерткіштерін қорғау жұмыстарын насихаттағаны үшін Қазақстанның Түркиядағы елшісінің атынан; Қазақстанның мәдениеті саласын дамытуға қосқан үлесі үшін ҚР Мәдениет және спорт министрінің және Алматы қаласы Мәдениет және архивтер басқармасы басшысының атынан алған «Алғыс хаттары» бар.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

– Музей – бір ғана сала емес, тарих дейсіз бе, мәдениет, ілім-ғылым, бәрі тоғысатын жер. Біз суретшілер, әдебиетшілер, тарихшылар, ақын-жазушылар, қолөнершілер одағы, театр сыншылары дейсіз бе, бәрімен бір уақытта шығармашылық байланыста жүретіндіктен, жеке өзім үшін айтатын болсам, істеп жүрген жұмыстарымды маңызды, еліме пайдалы деп санау ұғымы, жауапкершілік салмағы тұрады. Бұл – үнемі қозғалыста, үнемі ізденісте жүретін сала, сонысымен қызықтырады мені.



АУЫЛДАН КЕЛГЕН ҚЫЗ

Ол – шыншыл, әділ адам көрінді бізге. Шыншылдығы сол, қазіргі мамандығына кездейсоқ келгенін де жасырмады.

– Сонау Қызылорданың шалғай жатқан ауылынан алып мегаполиске енді ғана мектеп бітіріп келген, ойы да орныға қоймаған балада ол тұста музей туралы терең түсінік, сол саламен байланысты арман-мақсат қайдан болсын. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих, археология және этнология факультетінің Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау мамандығына жиган балым қолайлы болып тұрған соң сонда тапсыра салған болатынмын. Себебі, грантқа түссем болды деген ой ғана тұрды санада сол кезде, – деп риясыз күлді Толғанай.

Факультетте мүйізі қарағайдай тарих-

шылар, археологтар және этнографтар сабақ беріп, сол бағыттағы түрлі тақырыпта дәрістер тыңдады. Қазақстан мен шетелдер музейлері туралы оқып, тарихи-мәдени туризм жайында түсінігі қалыптаса бастады. Кейінірек оқытушылар студенттерін Алматы қаласындағы музейлерге жиі апаратын болды. Көрген, түйгендерін қағазға түсіріп, сол бағытта кішігірім еңбектер жазғыза бастайды. Сосын бакалаврды бітірген соң осы Алматы музейіне жұмысқа келіп, мамандығына кіріге бастағанын сезінді. Одан магистратураға тапсырып, музейтану мамандығына деген құрметі оянып, махаббаты ашылып, алдына айқын мақсаттар қоя бастады. Әрбір кішкентай ісінің өзінен ләззат алып, жаны рахаттанған сәттері мамандық тандауда қателеспегеніне қуанды. Бүгінде әр күнін музейсіз елестете алмайтыны да боямасыз шындық.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТОҒЫСҚАН ЖЕР

– Музей – бір ғана сала емес, тарих дейсіз бе, мәдениет, ілім-ғылым, бәрі тоғысатын жер. Біз суретшілер, әдебиетшілер, тарихшылар, ақын-жазушылар, қолөнершілер одағы, театр сыншылары дейсіз бе, бәрімен бір уақытта шығармашылық байланыста жүретіндіктен, жеке өзім үшін айтатын болсам, істеп жүрген жұмыстарымды маңызды, еліме пайдалы деп санау ұғымы, жауапкершілік салмағы тұрады. Бұл – үнемі қозғалыста, үнемі ізденісте жүретін сала, сонысымен қызықтырады мені. Бұл салада дүниетанымың кеңейген үстіне кеңейе түседі. Білуге құлшына бересің, алға ұмтыла түсінесің. Рухани жағынан толыса түсесің, – деп тебіренді жас маман.

Музей жастары алматылық оқушылар арасында түрлі байқаулар өткізіп тұрады. Жасөспірімдер «Алматы тарихын білемін» деген тақырып шеңберінде ұйымдастырылатын дәстүрлі іс-шараға қатысып, эсселер жазады, өз қиялдарымен, ұсыныс-идеяларымен видеороликтер түсіреді, Алматының тарихы туралы қызықты сауалдарға жауап іздейді. Сол арқылы жеткіншектер ару Алматыға деген махаббатын, тарихқа, өткенге деген құрметін арттыра алса, бұл музейліктер үшін үлкен жетістік.

Сондай-ақ, олар шеберлік сыныптарын ұйымдастырады. Мәселен, «Гончарный клубта» жастарды өнерге баулу жолға қойылған. Онда қолөнерді сүйетін қыздар, бозбалалар қыш құмыралар жасау құпиясын менгереді. Үйреніп қана қоймай, ежелгі болсын, орта ғасырлық тарихымыз, осы біздің жерімізден табылған археологиялық олжалар болсын, қыш өндірісінің сол кездің өзінде-ақ болғаны, ол қазіргі күнде де сәнде екені, тіпті құмыралар жасалатын қарапайым батпақтың өзі денсаулыққа пайдалы екені айтылып, олардың эстетикалық маңызы да түсіндіріледі.

– Біздің жеткіншектердің осындай біз ұйымдастырып жүрген іс-шаралар арқылы Отанға деген сезімін биіктеге түссе, өздерінің жалпы азаматтық борышын, өзін осындай рухани бай елдің тұлғасы, ажырамас бір бөлшегі ретінде сезіне алса, жұдырықтай жүректеріне сондай сезімді ұялата алсақ, сол менің жеңісім дер едім, – дейді Толғанай «өмірдегі мақсат-мұратың қандай» деген сауалымызға.

АЛТЫН ЕМЕС, АЛҒЫС АРҚАЛАҒЫН

Біз Толғанаймен әйгілі бұлбұл әншіміз Роза Бағланованың көрмесін ұйымдастыру іс-шараларымен жүрген қарбалас сәтінде тілдестік. Ол қандай көрме болмасын, соған жанымен, жүрегімен кіріп кететінін байқадық. Өйткені, ол өз ісін сүйеді.

– Иә, біз жеке тұлғалар өмірінен түрлі көрмелер ұйымдастырып тұрамыз. Мәселен, көзі тірі Асанәлі Әшімов ағамыздың жеке көрмесі жоғары деңгейде өтті. «Дос-Мұқасан» ансамблінің 55 жылдығына арналған көрмеде өзіңіз де болдыңыз. Зухра Жұматованың да көрмесі біз секілді жастарға

шабыт сыйлады. Телевизия майталманы, марқұм Нұртілеу Иманғалиұлының жеке көрмесін де ұйымдастырып, ел алғысына бөлендік. Енді Роза Бағланованың, Бейсен Құранбектің көрмесін ашуды жоспарлап отырмыз. Олар өмірден із-түзсіз өтіп кеткен жәй адамдар емес, олар біздің тарихты жасауға атсалысып кеткен, атсалысып жүрген биік кісілер. Ал көрермендеріміз сол тұлғалар ғұмыр кешкен жылдарды бір сәтке болса да сезініп қайтса екен деп тілейміз. Олардың қолының табы қалған заттарды, қымбат бұйымдарын ұстап көрудің өзі біз үшін қуаныш. Бізге тұрақты келіп тұратын көрермендеріміздің «осы сендердің музейлеріңнің аурасы жақсы» деген бір ауыз ілтипатының өзі бізді, жастарды алға жетелей түседі, – дейді Толғанай Нұртуғанқызы.

МЕНІҢ БАБАМ!

Толғанай Ыстамбұлда музей ісі, көрмелерді ұйымдастыру, көне жәдігерлерді сақтау және музейге келушілерді басқару бойынша тренингтен өткен. Өзімізде, яғни Алматыда ұйымдастырылған «Музей саласындағы жаңа трендтер және ақпараттық технологиялар мен нормативтік-құқықтық құжаттарды пайдалану тәсілдері» семинар-тренингі де жас маманға біраз бағдаршам болғаны анық. Ал Джагизеллон университетінде өткен шетелдік ғылыми іс-тәжірибе оған бізге қандай жаңашылдықтар әкелуге болады деген ойға жетеледі. Мәселен, ол өзге мемлекеттерде экспонаттарды, қорды бұзбай, бүлдірмей сақтау жүйесінің өте жақсы дамығанына қатты қызығады. Сондай-ақ, ол жақтағы «Музей достарының клубы» деген тың жобаны бізге де енгізу керек деп ойлайды.

– Сонау бір үркіншілік жылдары ата-бабаларымыз қуғын-сүргінге, конфискациялауға ұшырап, бар жиган мал-мүлкі тартып алынып, материалдық мәдениетімізден қаншалықты айырылып қалғанымызбен, біздің музейлер қоры жұтқан емес, қайта өте бай. Ата-әжелерімізден жеткен, кезінде жанашыр ағайын-жұрт әкеліп өткізген коллекциялар жетіп-артылады. Мәселен, кадулгі тіс, тырнақ, құлақ тазалайтын қарапайым ғана шағын тұрмыстық бұйымдардың өзі бізде ықылым заманда-ақ өркениеттің болғанын дәлелдейді. Жалпы, ислам діні бізге Еуропадан бұрын келген ғой. Сондықтан тіс тазалаудың өзін еуропалықтар ең алғаш мұсылмандардан үйренген деген деректер бар. Сонымен қатар, біздің қазақ ұлтының өмір сүру дағдысының ажырамас бөлшегі болған күміс бұйымдарының да өзіндік философиясы, мән-маңызы қандай десеніңіші! Міне, соның бәрі менің көкейіме мақтаныш сезімін ұялатады, соншалықты текті, білімді, озық ойлы бабалардың ұрпағы екеніме шаттанамын. Иә, біздің ата-бабаларымыз соншалықты бай мәдениетке, өркениетке ие болды. Біз сол құндылықтарды, жәдігерлерді музейлер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа арасын үзіп алмай жеткізіп отырсақ, миссиямыздың орындалғаны, – деді жас кейпкеріміз бізбен қоштасар сәтте.

Ұлттық һәм рухани құндылықтар қасиетін жан жүрегімен қадірлейтін отаншыл қаракез қыздың әлі талай биікке шығарына сенеміз.





ӨЗЕКТІ

Кептеліс қашан азаяды?

Алматы – миллиондаған тұрғыны бар алып мегаполис. Мұндай үлкен қалаларда адам саны көп болған сайын қоғамдық көліктің де, жеке көліктің де саны артатыны заңдылық.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Көліктің көп болғаны жақсы-ау, бірақ оның бір кемшілігі – көшеде кептеліс туындайды. Міне, жаңа оқу жылы басталғалы қала көшелерінде кептелісте бұрынғыдан да ұзақ тұратын болдық. Бір қарағанда, оның себебі түсінікті де. Шаһардың жергілікті тұрғындарын есептемегенде, Алматыға жан-жақтан келетіндер көп. Мәселен, мұнда ЖОО көп, сондықтан еліміздің басқа аймақтарынан жыл сайын мыңдаған жас оқу іздеп келеді. Бұл – бір. Екіншіден, оқушыларымыз мектепке барды. Үшіншіден, ірі қаржы, бизнес орталықтар мен ұйымдар да осы қалада болғандықтан, мұнда жұмыс іздеп, қызметке орналасуға келетіндер бар. Тізім осылай кете береді... Ал енді қалаға келгендердің ешқайсысы жаяу жүрмейтіні анық қой. Барлығында болмаса да, біразы жеке көлікпен жүреді. Байқасаңыз, қазіргі қызметкер емес, мектеп оқушыларының өзін де арнайы көлік

тасиды. Өйткені, таңертең немесе түскі, кешкі қарбалас уақытта мектепке барсаң, көліктерден аяқ алып жүре алмайсыз. Қаптап тұрады. Кейде бұған қалалықтардың еті де үйренген бе дейсің. Өйткені, жанайқайынды айтып мекемеге барсаң да, хат жазып, хабар күтсең де құзырлы орындардан еш нәтиже жоқ. «Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ» деп Абай атамыз осындай мәселелерді анық түсінгенде айтқан екен ғой...

ТҮЙІН:

Кептелісті азайту үшін көліктің экологиялық тиімді түріне көшудің маңызы зор. Осы мақсатта көлік жолдары тарылып, есесіне веложолдар кеңейіп жатыр. Қала көшелерінде самокат тебушілердің де саны артқаны байқалады. Алайда, мұның барлығы жеке автокөліктерді азайтып, кептелістің болмауына себеп бола ма? Сіз қалай ойлайсыз, оқырман?!

Бүгінде көлік кептелісіне қатысты көпшіліктің айтар ұсынысы да, пікірі де көп. Қала тұрғындарының басым көпшілігі күн сайын көшелерде сағаттап тұратын кептелістен құтылудың бір ғана жолы бар деп есептейді. Ол жеке көлікпен жүретіндердің санын азайту, яғни қалаға кіретін көліктердің санын шектеу. Оған қоса шетелдердегідей, тіпті, басшылардың өзі велосипедпен, қоғамдық көліктермен қатынаса деген ойларын білдірді.

Бұл біріншіден, әлеуметтік теңсіздікті жояды. Сонда басшылар қарапайым халықтың дәл осы көлік кептелісінің салдарынан жұмыстарына кешігіп жататынын түсінеді. Екіншіден, қоғамдық көліктерге сұраныс артып, жұмыссыздар санының азаюына сеп болады. Қысқасы, көпшілік қоғамдық көлікпен немесе велосипедпен, тіпті болмаса жаяу жүрген дұрыс. Барлық проблема – жолдар мен көшелердің аздығында, оларды көбейту керек деген мәселеде емес, қаладағы көлік санының көптігінде дейді. Алматылықтардың басым бөлігі жеке көліктерді атамағанда, автобус, троллейбус, метро секілді қоғамдық көліктерді пайдаланады. Халық арасында велосипед, самокат, мопедтерге де сұраныс жоғары.

Алматыда көлік барған сайын көбейіп барады. Халық осы көлік кептелісінен зардап шегуде. Бір әттеген-айы, бұл мәселе қанша көтерілсе де, ешқандай шешім жоқ. Бұл сөзіміз құзырлы орындар мүлде жұмыс жасамай отыр деген сөзді білдірмейді, әрине. Алматы әкімдігі, Жол полициясы басқармасы жол қозғалысын реттеуге, кептелісті азайтып, қала экологиясын жақсартуға барынша күш салып-ақ жатыр. Көлік саласы мамандарының да ұсыныстары басшылыққа алынған. Бірақ нәтиже берер шаруалар әзірге болмай тұр. Шаруа шаш-етектен. Сондықтан көлік жүйесін дамытып, кептелісті азайту үшін киялмен «жол салудың» қажеті жоқ. Бізге тек жеке көліктерді пайдаланудан бас тарту мен қоғамдық көлікті тұрақты пайдалануды ынталандыратын талап қажет. Сонда кептеліс болмайды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ВЕЛОСИПЕД –
ЕҢ ҚОЛАЙЛЫ КӨЛІК

– Қала көшелеріндегі кептелістерді көргеннен кейін жұмысқа велосипедпен қатынауды жөн санадым. Өйткені, велосипед жылдам жүретіндігімен ғана емес, оны тебу кезіндегі денені шынықтыратын қимылдарымен де ерекшеленеді. Қос дөңгелекті көлік денсаулыққа пайдалы әрі жүріп тұруға қолайлы. Оның экологиямызды сақтауда да пайдасы зор.

Өркениетті елдерде көліктің бұл түрін пайдаланатындар өте көп. Бір қуанарлығы, соңғы жылдары қаламызда да бұл үрдіс жолға қойылып, біраз алматылық жеке көлігін велосипедке алмастырып үлгерді. Мен де солардың бірімін. Велосипедке арналған арнайы жолақ бар. Ешкімнің жолына таласпайсың, кептелісте тұрмайсың. Тек үйің мен жұмысыңның арақашықтығын алдын ала зерттеп біліп алғаннан кейін, қай уақытта жолға шығатыныңды біліп алсаң болды. Жұмысыңа дәл уақытыңда келесің. Неге көпшілігімізге осы мүмкіндікті пайдаланбақпа?! – дейді Almaty-akshamy.kz сайтының жауапты шығарушысы Бақыт Ойса.

БІЛІМ

Талап күшейе түседі

Бұдан былай мектепке дейінгі мекемелер мен балабақшаларға қойылатын талаптар күшейе түсетін болды. Осыған байланысты қоғамда түрлі жаңсақ пікірлер де айтылып қалып жатыр. Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтің балабақшаларға қойылатын талаптар туралы жаңа бұйрықты түсіндіруі де сондықтан болса керек.

Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен, мемлекеттік тапсырыс алатын балабақшаларға қойылатын талаптарды күшейтетіні туралы бұйрықта барлық мемлекеттік тапсырыс алған мектепке дейінгі мекемелер балаларға қолайлы және қауіпсіз жағдай жасауға бағытталған жаңа ережелер бойынша орналастырылатыны айтылған.

Осыған орай, мемлекеттік тапсырыс алғысы келетін барлық балабақшаға қосымша талаптар енгізілді. Бұл ретте ең алдымен балабақшаларда өртке және терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасалып, дабыл түймесі мен ішкі дауыстық ескерту жүйесі болуы шарт. Сондай-ақ, міндетті түрде бейнебақылау орнатылуы керек. Жаңа талаптың негізгі ережелеріне сай ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін арнайы

жағдай жасау мәселесіне айрықша көңіл бөлу жағы да нақты көрсетілген.

Әрине, балабақша ғимараттары мен үй-жайларының санитарлық нормаларға сәйкестігі де ереженің басты қағидаты ретінде көрсетілген. Жаңа талапта балаларға қолайлы пәндік дамыту ортасын қалыптастыру үшін балабақшаларды қажетті құрал-жабдықтармен және жиһаздармен жабдықтау қажет екені туралы да жазылған. Кез келген балалар мекемесі ең алдымен медициналық көмек көрсетумен қамтамасыз етілуі керек.

Шыны керек, мектепке дейінгі мекеме педагогтарының этикаға жат қылықтары әлі де орын алып отырғаны жасырын емес. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына қойылатын талаптар күшейтілді. Тәрбиешілердің балалармен жұмыс істеуі үшін ең алдымен тиісті біліктілігі немесе білімі болуы қажет.

Сонымен қатар, мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігі де өзгертілді. Бұрын білім басқармалары мемлекеттік тапсырысты

орналастырған кезде белгілі бір балабақшаға нақты орын санын көрсетсе, енді барлық талапқа сәйкес келетін балабақшалар мемлекеттік тапсырыс алатын ұйымдардың жалпы тізбесіне енгізілетін болады.

Бұдан былай ата-аналардың өздері балабақшаға жолдама алған кезде осы тізімнен нақты балабақшаны таңдай алады. Яғни қанша ата-ана балабақшаны таңдаса, сол орындарға сәйкес қаржыландыру балабақшаға түсетін болады.

Мектепке дейінгі мекемеге қатысты жаңа құжаттың жаңалығы да жоқ емес. Енді мемлекеттік тапсырысты алу үшін құжаттар саны қысқартылатын болды. Егер бұрын жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар көп құжатты ұсыну қажет болса, енді тізім 4 құжатқа дейін қысқартылды. Қалған құжаттар ақпарат жүйелерінен алынады. Сондай-ақ, электронды түбіртектер енгізіледі. Бұл мектепке дейінгі ұйымның мемлекеттен қаржы алып, бірақ балалардың мәлімделген саны сәйкес келмеген жағдайдың алдын алу үшін жасалып отыр. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында мониторинг міндетті түрде балабақшалар қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен жүргізіліп, рәсімнің ашықтығы үшін өтінімдер мен барлық құжатты комиссия міндетті түрде бейне және аудиожазбамен қарайтын болады.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Қалада өзгеріс көп

Жаһандану заманының айқын белгісі бұл – урбандалу деңгейінің өсуі. Яғни мемлекет тұрғындарының көп бөлігінің қалаға ағылуын урбандалу деп атайды. Бұл үрдіс Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап еліміздің ірі қалаларына әсер етті. Соның ішінде еліміздің ең ірі қаласы Алматыда әлеуметтік-демографиялық, мәдени және экономикалық өзгеріс болды. Алматы қаласы Қазақстан Республикасының ең ірі қаласы ғана емес, жалпы Орталық Азия аймағындағы ірі мегаполис болып саналады. 2022 жылдың тамыз айына сәйкес қалада 2 135 365 азаматтар тұратыны белгілі болды. Сонымен қатар, Алматы агломерациясын қосқанда жалпы 2,5 миллион адамнан асып тұр деп болжануда. Ал соңғы 10 жылдықта Алматының жер көлемі екі есеге артып, екі жаңа аудан құрылды. Осы деректерге негізделе отыра, Алматы қаласында елеулі өзгерістер болды деп айтуға болады. Дегенмен, сандық көрсеткіштен тыс, қаланың әлеуметтік-демографиялық, мәдени, экономикалық тұрғыда қандай өзгеріске ұшырағаны белгісіз. Әрі ол өзгерістер қаланың дамуына оң әсерін берді ме деген сауал өзекті болып тұр.

Алматыға жақын ауылдардың қосылуы соңғы екі жылда қаланың аймақтық тұрғыда кеңеюіне әкеліп, бұрынғы іргелес елді мекендер орталықтандырылып, Наурызбай және Алатау аудандары құрылды. Одан бөлек, Медеу, Жетісу және Түркісіб аудандарының да іргелес

елді мекендері де қалаға қосылды. Сарапшылардың болжамынша, 2050 жылға қарай қала 1,1 миллионнан астам жұмыс орнын қамтамасыз етеді деген болжам бар. Әрі Алматы агломерациясының жоспары ішкі көші-қон мәселелеріне қатысты жоспарды іске асыру мақсатында БАКАД айналма жолына 6 көшені тесу, қала аумағында 3 көлік-трансплантациялау хабын жасау, облыстың 5 елді мекенінде автовокзал салу көзделіп отыр.

Қазақстанның ең ірі мегаполисінің дамуы елдің дамуы үшін өте маңызды. Алматыда экономикалық өсімің жоғары қарқыны бар. Сондықтан соңғы онжылдықта қалада көптеген өзгерістер болды. Алып шаһар әлемдік дағдарыстар мен түрлі талаптарға сай еліміздегі іскерлік белсенділігі жоғары және даму перспективасы бар қалалардың бірі екені анық. Осыған байланысты Алматы қаласының әлеуметтік-демографиялық, мәдени және экономикалық аспектілердегі өзгерісін талдау және әр аспекті бойынша қорытынды шығару өте маңызды. Өйткені, бұл талдаулардың қаланың даму тенденциясын анықтап, әлемдік мегаполистермен бой жарыстыратын деңгейді анықтауға және қала тұрғындарының өмір сапасының артуына үлесі жоғары.

Венера ЖАРМАҒАМБЕТОВА,
Абылай хан атындағы
ҚазХҚЖӘТУ
Журналистика факультетінің
2-курс студенті.



ЕҢБЕК АДАМЫ

ТӘРТІП ПЕН ҚАУІПСІЗДІК

Желілік полиция қызметі – жолаушы сенімінің айнасы

Қалаға келген немесе басқа қалаға сапарлайтын тұрғындардың арасында қолында құжаты жоқ, күмәнді жолаушы жүрмеуі керек. Теміржол вокзалы маңындағы қауіпсіздікті қадағалап, жолаушының алаңсыз сапар шегуіне Желілік полиция қызметкерлері кепіл бола алады.

Алматы қаласы әуежайындағы Желілік полиция бөлімі Көші-қон бөлімшесінің қызметкерлері ҚР азаматтық туралы заңнамасын бұзғандары үшін Ресей Федерациясының 69 және 71 жастағы азаматтарын әкімшілік жауапқа тартты. Бұл туралы жақында Көліктегі полиция департаменті басшысының бірінші орынбасары Мадияр Айтуғанов айтқан еді. Ерлі-зайыптыларға қатысты ҚР ӘҚБтК 496-бабының 2-бөлігімен, яғни Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде шетел азаматтығын алу фактісін хабарламау бойынша әкімшілік материалдар толтырылды. Алматы қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының қаулысымен шетелдік азаматтарға 5 жыл мерзімге ҚР аумағына кіруге тыйым салу белгіленіп, Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығарып жіберу түрінде жауапқа тартылды.

Биыл жылдың басынан бері белгіленбеген орындарда теміржолдарды кесіп өткені үшін көлік полицейлері 34 019 азаматты анықтап, әкімшілік жауапкершілікке тартты. Шұғыл тежеу фактілері де азаяр емес. Осы уақыт ішінде бұл бойынша 1618 факт тіркелді, оның 308-і теміржол бойында адамдардың болуымен, ал 1140-ы малдың жайылуына байланысты болған. Нәтижесінде 1066 тұлға

әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сондай-ақ, 9 айда еліміз бойынша 72 азамат пойыз астына түскен, олардың жартысынан көбі көз жұмған. Соның ішінде 10 факт бойынша балалар зардап шекті, өкінішке қарай, оның 8-і қайтыс болды.

Көпшілігі көлік полициясы, желілік полиция дейтін сала барынан бейхабар болып жатады. Осы ретте жолаушылардың тәртібі мен тыныштығына жауапты Желілік полиция бөліміндегі тәртіп сақшыларының қызметімен танысып қайтқан едік. Алматы-1, Алматы-2 бекеттеріндегі теміржол көлігі нысандарында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша атқарылған шаралар мен қоғамдық тәртіпті нығайту мәселелері туралы әңгіме өрбіді.



Алматы-1 станциясындағы Желілік полиция басқарма басшысының бірінші орынбасары Махмет Бақбергенұлының айтудыңша, көлік полицейлері қауіпті аймақ саналатын теміржол және әуе нысандарының

қауіпсіздігін күндіз-түні қамтамасыз етіп келеді.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету барша тәртіп сақшыларының басты міндеті. Оның ішінде, теміржолдар мен әуежайдағы қауіпсіздікке көлік полиция қызметкерлері жауапты. Қазақстан Көлік полициясының құрылу тарихы Түркістан-Сібір теміржол магистралының құрылымымен тығыз байланысты.

– Желілік полиция бөлімшесінің Алматы-1 желілік полиция басқармасы 1978 жылы құрылды. Штаттық құрамда барлығы 99 қызметкер жұмыс істейді. Оның ішінде, 97 жеке құрам қызметкері және 2 ерікті бар.



Офицерлік құрам – 58, сержанттық құрам – 39. Алматы-1-де – 81, Алматы-2 станциясындағы желілік полиция бөлімшесінде – 4, Шамалғанда – 5, Алтынкөлде – 7 қызметкер қызмет етеді. Басқармадағы Криминалдық полиция басқармасы қылмыстың алдын алу, болдырмау және ашумен, Есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімшесі есірткі қолданушыларды, таратушыларды анықтап, алдын алумен, Әкімшілік полиция бөлімшесі әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, болдырмау және алдын алу шараларымен, Патрульдік полиция взводы жолаушылар пойыздарындағы құқық бұзушылықтарды анықтап, қылмысқа жол бермесе, Жедел криминалистік бөлімшесі оқиға болған жерге бару, қылмыс іздерін алу және суретке, бейнеге түсірумен айналысады. Ал тергеу бөлімшесі және анықтау тобы. Қылмыстық істі ашу, тергеу, сотқа жолдау амалдарымен айналысады. Кезекші бөлімі Желілік полиция басқармасына түскен хабарламаларды тіркейді, басшы құрамға хабарлайды. Желілік полиция бөлімінің қызмет көрсету аумағы 470 шақырымды құрайды.

Жыл басынан бері белгіленбеген жерлер-

де теміржолдарды кесіп өткені үшін 34 мыңнан астам азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

3 қазанда Алматы облысының Шамалған станциясында «Алматы-Ақтөбе» бағытындағы жолаушылар пойызы белгіленбеген жерде теміржолдан өтіп бара жатқан ер адамды қағып кеткен, азамат алған жарақаттан оқиға орнында қайтыс болды. Аталған факті бойынша Алматы-1 станциясындағы Желілік полиция басқармасында ҚР Қылмыстық кодексінің 344-бабы 2-бөлігі, яғни абайсызда адам өліміне әкеп соқтырған қозғалыс қауіпсіздігі немесе теміржол көлігін пайдалану ережелерін бұзу бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

Жазатайым оқиғалардың негізгі себептері азаматтардың белгіленбеген жерлерде теміржолдарды кесіп өтуі. Өлі күнге дейін адамдар теміржолдың қаншалықты қауіпті аймақ екендігін, оның зардаптарын жете түсінбейді. Пойыздардың адамдарды жиі қағып кету фактілері, мына станцияларда: Алматы 1 – 11, Шымкент – 7, Ақтөбе – 6 және Қарағанды-Сұрыптау және Тараз станцияларында 5 факт тіркелді.

МӘЖІЛІС

«Рақымшылық жасау туралы» заң жобасын қолға алды

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында палата депутаттары «Рақымшылық жасау туралы» заң жобасын қолға алды. Оған сәйкес Қаңтардағы жаппай тәртіпсіздікке қатысушылар қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы, депутат Арман Қожахметов ұсынылған заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленгенін айтты.

Заң жобасының мақсаты – Қазақстан аумағындағы 2022 жылғы 4 қаңтардан 7 қаңтарға дейінгі жаппай тәртіпсіздікке байланысты қылмыстық құқық бұзушылық жасаған немесе олардың жолын кесу кезінде жүрген адамдарды қылмыстық жауаптылықтан босату немесе сот тағайындайтын жазаның мерзімін қысқарту.

Ол бұл құжаттың азаматтар мен мемле-

кеттің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірмейтін қылмыс жасаған тұлғаларға мемлекет пен қоғам тарапынан жасалған мейірімділік пен ізгілік актісі екенін қосты.

Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Қаңтар оқиғасына қатысушыларға рақымшылық жариялады. Бұл ретте Мемлекет басшысы рақымшылық тәртіпсіздіктерді ұйымдастыруға қатысу бар негізгі айыпталушыларға, сонымен қатар мемлекетке опасыздық жасады және билікті күшпен ауыстыруға әрекет жасады деп айыпталғандарға әсер етпейтінін атап өтті.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ



Биыл 129 атыс қаруы табылды

Алматы қаласының полицейлері 9 айдағы жұмысының қорытындысын хабарлады.

Белгілі болғандай, 9 айдың ішінде Алматыда заңсыз айналымнан 129 атыс қаруы табылып, тәркіленді. Оның ішінде 21 тапанша, 15 кесілген шолақ мылтық, 75 мылтық, 4 «Калашников» автоматы, 98 граната және 400-ден астам оқ-дәрі тәркіленді.

Бұдан бөлек, 9 ай ішінде ҚР ҚК-нің 262-бабына сәйкес, ұйымдасқан қылмыстық топты құру және басқару деректері бойынша 3 қылмыстық іс қозғалды. Сондай-ақ, Алматыда жыл басынан бері 461 есірткі қылмысы анықталса, оның 94-і есірткінің заңсыз айналымына қатысты болды.

«Заңсыз айналымнан 600 келіге жуық есірткі, оның ішінде 398 келі марихуана, 84 келіден астам гашиш, 15 келіге жуық синтетикалық есірткі және 111 келіден астам басқа да есірткі заттары тәркіленді», – делінген полиция таратқан хабарламада.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ФУТБОЛ ӘЛЕМІ

Ала доптың аламаны
Жеребе тартылды

Қазақстан құрамасының Еуро-2024 іріктеу кезеңіндегі қарсыластары белгілі болды.



Германияның Майндағы Франк-фурт қаласында 2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңінің жеребесі тартылды.

Қазақстан құрамасы «Н» тобына Дания, Финляндия, Словения, Солтүстік Ирландия және Сан-Марино құрамаларымен түсті. 2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңі 2023 жылдың наурыз айында басталады. Нақты айтқанда, Словенияға қарсы екі ойын 2023 жылы 23 наурыз және 20/21 қараша күндері өтеді. Ал Дания ойыншылары Қазақстанға 26 наурызда

қонаққа келсе, 14/15 қазанда қарым-та кездесу болмақ. Біздің құраманың Сан-Мариномен ойындары 16/17 маусым және 17 қарашаға жоспарланған. Сондай-ақ, іріктеу аясындағы Солтүстік Ирландияға қарсы матчтар 19/20 маусым және 10 қыркүйекке белгіленсе, біздің ойыншылар Финляндия құрамасымен 7 қыркүйекте және 17/18 қазан күндері кездеседі.

«Қарсыластарды қиын деп айтуға болады. Бүгінгі таңда оңай қарсылас жоқ. Өте мықты топқа түстік деп ойлаймын. Нақты көшбасшы жоқ. Дегенмен, Дания құрамасы даму жолына шықты. Олардың жас ойыншыларының деңгейі өте жоғары. Дат футболшылары топтың фавориті болады деп санаймын. Қарсыластар туралы мәліметтерді біртіндеп жинай бастаймыз. Бізді қиын қарсыластармен қызықты ойындар күтіп тұр. Бәсекеге төтеп беруге тырысамыз», – деді Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Магомед Адиев.

Айта кеткен жөн, Қазақстан футбол федерациясы мен Өзбекстан футбол қауымдастығы жолдастық матч өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Ойын 2022 жылдың 16 қарашасында Ташкентте, «Пахтакор» стадионында өтеді.

Алғашқы қадам

Футзалдан Қазақстан құрамасы 2024 жылғы Әлем чемпионатының іріктеу кезеңін жеңіспен бастады.

Словенияға қарсы іріктеу кезеңінің алғашқы ойыны елордамызда Жаксылық Үшкөмпіров атындағы спорт сарайында өтті. Матчты негізгі құрамда Игита (қақпашы), Тайнан, Есенаманов, Тұрсағұлов және Дуглас бастады. Сондай-ақ, қосалқы құрамда Байдулла (қақпашы), Нұрғожин, Лео, Валиуллин, Ақбалықов, Кнауф, Жұма, Кошкин, Дарибай болды. Ойын есебі 6-минутта ашылды. Альберт Ақбалықов бұрыштама добынан кейін дәл соққы жасап, гол соқты. Екінші таймның 35-минутында тағы бір гол соққан Дуглас Қазақстан басымдылығын арттырып, матчқа нүкте қойды. Ойын 2:0 (1:0) есебімен аяқталды.



Жастар жеңісі

Қазақстанның U-19 қыздар құрамасы Андорраны жеңді. Ойын Алматыда өтті.

19 жасқа дейінгі Қазақстан қыздар құрамасы 2022/23 Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңінде Андорраға қарсы қорытынды матч өткізді.

Кездесу қазақстандық қыздардың 2:0 есебімен сенімді жеңісімен аяқталды. Екі голды да шабуылшы Анастасия Тянь соқты. Осылайша Қазақстан U-19 қыздар құрамасы іріктеу кезеңін 6 ұпаймен екінші орында аяқтады. 9 ұпаймен Чехия бірінші болды.

Сондай-ақ, 2022/23 Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңінің аясында 17 жасқа дейінгі Қазақстан қыздар құрамасы Румынияны 2:1 есебімен жеңді.

Ойын Румынияның Буффа қаласында өтті. Есеп Аяжан Қожабекованың керемет соққысынан кейін 21-минутта ашылды. 44-минутта команда капитаны Әсел Орынбай басымдылықты арттырды.

Екінші таймда румындықтар бір гол соқты. Ойын нәтижесінде Қазақстан қыздар құрамасы 2:1 есебімен жеңіске жетті.

Кім чемпион атанады?



Футболдан Қазақстан чемпионаты өз мәресіне таяп қалды. Алматылық «Қайрат» турнирлік кестеде 4-орында тұр.

Ел чемпионатының 22-турында «Қайрат» ойыншылары «Атырау» алаңында 2:1 есебімен жеңіске жетті. «Мұнайшы» алаңында өткен ойында алматылықтар сапынан Артур Шушеначев пен Жоао Пауло көзге түсті. Алаң иелерінен жалғыз голды Андрия Филипович соқты. Сондай-ақ, ойын барысында

«Қайрат» қақпашысы Данил Устищенко 11 метрлік соққыны қайтарды. Бұл жеңіс алматылық команданың турнирлік кестеде 36 ұпаймен 4-орынға жайғасуына мүмкіндік берді.

Ал кестеде 45 ұпаймен көш бастап тұрған «Ақтөбе» командасы өз алаңында «Каспийді» 4:0 есебімен бет қаратпай жеңді. Чемпиондық титулға үміті бар «Астана» ойыншылары да ірі жеңіске жетті. Қонаққа келген «Ордабасы» командасын 6:0 есебімен жеңген астаналықтар қазіргі уақытта 41 ұпаймен екінші

келеді. Үздік үштікті 38 ұпаймен былтырғы ел чемпионы «Тобыл» түйіндеп тұр. Айтылған команда сыртқы алаңда «Ақсудан» 3:0 есебімен жеңіліп, чемпиондық жарыстан алыстап кетті.

Өзге командаларға келсек, турнирлік кестеде соңғы тұрған «Мақтаарал» «Ақжайық» командасынан 1:0 есебімен басым түсіп, осы маусымдағы бесінші жеңісіне қол жеткізді. Ал «Шахтер» мен «Арыс», «Тараз» бен «Қызылжар» кездесулерінде есеп ашылмады.

БІЗДЕ ӨТКЕН БӘСЕКЕ

ЫНТЫМАҚТЫ АЛҒА
ҚОЙҒАН ЖАРЫС

Алматы қаласындағы мешіт жамағаты арасында футбол лигасының финалы өтті.

Алматы қаласы мешіт жамағаты арасындағы футбол лигасы маусым айында басталып, қаланың 53 мешітінен 400-ден аса команда қатысты. Алдымен әр мешіт өз үздіктерін анықтап, аудандық сайыста бақ сынады. Ал әр ауданның үздік шыққан командалары қалалық турнирге жолдама алды.

Әуезов ауданына қарасты «Ақсай» мешітінің футболшылары биылғы мешіт жамағаты арасындағы футбол лигасының жеңімпазы атанып, 1 млн теңге сыйақы алды. Бас жүлде үшін өткен финалдық ойында «Ақсай» командасы Медеу ауданының «Әл-Хамид» мешітінің футболшыларымен кездесті. Тартысты өткен матчта ұжымдық ойын өрнегін көрсете білген Әуезов ауданының командасы 1:0 есебімен жеңіске жетті. Екінші орын алған «әл-Хамид» мешітінің ойыншыларына бір-бір велосипед берілді.

Жүлделі үшінші орын үшін ойында Бостандық ауданының «Бакыткелді» мешіті мен Наурызбай ауданына қарасты «Ибраһим» мешітінің командалары кездесті. Қола жүлдеге таласқан қос команда ойыншылары да жасыл алаңда барын салды. Шиеленісті өткен

матчта сәттілік серік болған Бостандық ауданының командасы 3:2 есебімен жеңіске жетіп, әр ойыншы спорт киімдер жиынтығы салынған сөмкеге иелік етті. Жарыс соңында Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Нұрлан Қықымов тамаша ойын өрнегін көрсеткен футболшыларға алғыстарын жеткізіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттады.

– Бұл спорттық шара биыл төртінші жыл өтуде. Өзіндік дәстүрі қалыптасып та үлгерді десек, қателеспейміз. Алғашқы жылдары 200 команда жинаудың өзі мұң болатын. Ал қазіргі таңда 418 команда қатысуда. Мешітте үнемі барып, бес уақыт намазды жібермей оқып жүрген азаматтар болуы шарт. Жобамыздың мақсаты – мешіт жамағаты мен Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы арасындағы қатынасты нығайту, атап айтқанда, ғибадат етушілер арасында қарым-қатынас ынтымақ орнату. Осындай спорттық іс-шаралар барысында азаматтардың спортқа деген қызығушылығы оянып қана қоймай, еліміздің руханияты артып, мешітте келушілердің өзара түсіністігі мен бірлігі нығая түседі, – дейді Алматы қаласы Дін істері басқармасының басшысы Нұрлан Қықымов.

Спорттық шара қала әкімшілігінің қолдауымен және «Ұлттық мұра» бағдарламасы аясында Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының басшылығымен өтті.

ЖАҒАЛЫҚТАР ТОПТАМАСЫ

Шебер семсерші

Алматылық спортшы София Николайчук семсерлесуден Азия жастар чемпионатында жеңіске жетті. Ол алтын медаль жеңіп алды.

Кувейтте өткен жастар арасындағы семсерлесуден ол Азия чемпионатында үздік болып, чемпион атанды. Алматылық ару сапымен семсерлесу жарыстарында бірінші болды. Бағдарламаның осы түрінде Владислава Андреева қола медаль жеңіп алды.

Мергендер жарысы

Стендік оқ атудан Қазақстан командасы Әлем чемпионатының қола медалін жеңіп алды.



Осы күндері Хорватияда өтіп жатқан стендік оқ атудан Әлем чемпионатында біздің спортшылар үшінші орыннан көрінді. Қазақстан құрамасы үшін жүлделі болған аралас командалар арасындағы «скитте» сайысында ел намысын Әсем Орынбай мен Эдуард Ещенко қорғады.

Әр мүмкіндігін мүлт жібермеген Ұлыбритания спортшылары үздік атанды. Италия құрамасы екінші болды. Тағы бір қола медаль Францияға бұйырды.

Бетті дайындаған Досбол АТАЖАН.



МСАК

ЖЕКЕ ЕМХАНАЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТ САПАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шаметеков алғашқы медициналық-санитарлық көмектің жеке медициналық ұйым жетекшілерімен кездесті. Онда жеке емханалардың халыққа медициналық қызмет көрсету мәселелері қаралды.

Естеріңізге сала кетейік, мемлекеттік тапсырыс аясында қызмет көрсететін жеке ұйымдар медициналық қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге жауапты. Содан кейін жеткізушілер мен Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры арасындағы шартта реттеледі.

Алматыда бүгінгі күні 33 жеке МСАК жеткізушісі бар. Биылғы

бірінші жартыжылдықта медициналық қызметті талдау қорытындысы бойынша кейбір жеке медициналық ұйымдардың нәтижесі негізгі көрсеткіштерге сай келмегені анықталған.

Кездесу барысында Иран Шаметеков онкология, туберкулез, жүрек-қан тамырлары аурулары, скринингтік тексерулер, тағы да

басқа сырқаттар, сондай-ақ дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша жеке МСАК ұйымдары нысаналы индикаторларға қол жеткізу керектігіне, соның маңыздылығына назар аударды.

Осы орайда айта кету керек, бүгінде үшжақты шарт бойынша келісім-шарт әзірленуде. Оған Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры және жеке медициналық ұйым, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы да қатысатын болады.

«Жылдан-жылға қала бойынша халық санының өсуі байқалады, осыған байланысты стационарлық көмек жүктемесін азайту үшін емханалар деңгейінде жұмысты күшейту қажет. Еуропа елдерінің тәжірибесін енгізу керек. Мысалы, «бір күндік хирургия» деген бар. МСАК деңгейінде жасалуы мүмкін операциялар бар. Осы ұсыныс туралы зерделеуді сұраймын», – деді басқарма басшысы. Сондай-ақ, МСАК денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту қағидаларының мәселелері қаралды. Естеріңізге сала кетейік, биылғы 15 қыркүйектен бастап еркін тіркеу науқаны басталды. Мұнда отбасылық принцип бойынша тіркеудің маңыздылығы атап өтілді, яғни бір емханада бүкіл отбасына қызмет көрсету, сондай-ақ қадамдық қолжетімділікке назар аударылады. Бұл қызметтер уақыттан ұту жағынан өте тиімді. Сондай-ақ, басқарма басшысы МСАК деңгейінде медициналық қызмет көрсету сапасының нашарлауына жол бермеу өте маңызды екенін тағы да атап кетті.

МАМАН КЕҢЕСІ

Тері ауруларында «атопиялық дерматит» деген ұғым бар. Статистикаға сүйенсек, әлемдегі әрбір төртінші бала оның әртүрлі формаларынан зардап шегеді. Аурудың белгілері туралы Алматы қаласы Тері-венерологиялық диспансерінің дерматовенерологы Дана Ахметова айтып берді.



ТЕРІ БӨРТПЕЛЕРІ ДЕ ҰЙҚЫНЫ ҚАШЫРАДЫ

Атопиялық дерматит – күрделі мультифакторлы ауру. Аурудың негізгі белгілері – ұйқыны қашырады, күш-қуатты төмендетеді және тері үнемі қышып, ол тітіркенуге әкеліп соқтырады.

«Ғылыми зерттеу деректеріне сүйенсек, атопиялық дерматиттің клиникалық белгілері балалық шақта көрініп, емі де сол уақытта жедел қолға алынса, ересек шақта ол адам өзін жақсы сезінуі мүмкін», – дейді Дана Ахметова.

Атопиялық дерматиттің клиникалық көрінісі терінің әртүрлі аймақтарында көптеген қабыну ошақтарының пайда болуымен байланысты. Олар ауру сатысына байланысты әртүрлі көрініске ие болуы мүмкін.

«Жіті фазада элементтер ашық қызыл болады. Қабыну аймағына қосымша қан ағымының әсерінен жергілікті ісіну пайда болады. Қа-

быршақтар, бүртіктер болуы мүмкін. Пальпация кезінде тері беттері ылғалды болады. Жартылай ремиссия кезеңінде ет бетіндегі түсті бөртпелер құрғақ болуы, қабыршақтануы мүмкін. Бөртпелер көбіне терінің киімге үйкелісінен болады. Бас аймағына (оның түкті бөлігіне), мойын мен кеудеге көбірек шығады», – дейді дәрігер.

Атопиялық дерматиттің генетикалық ауру екендігі дәлелденген. Яғни егер ата-ананың бірі осындай патологиядан зардап шегетін болса, оның балаға берілуі мүмкіндігі 30-40% болуы ықтимал. Ал анасында да, әкесінде де болған жағдайда нәресте үшін қауіп 70-75%-ға дейін артады.

Қалай болғанда да, егер теріңізден бөртпе байқасаңыз, шұғыл түрде дәрігерге қаралуыңыз керек деп кеңес береді дерматовенеролог.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы.

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

АУЫРМАЙТЫН ЖОЛ ІЗДЕЙІК



Алматыда онкологиядан сақтандыру және скринингтік бағдарламалар мәселелері бойынша мастер-класс өтуде. 10 қазанда басталған дәрістер №16 қалалық емхана базасында болып жатыр.

«Алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде онкологиялық сақтық және скринингтік бағдарламаларды жүргізу мәселелері» тақырыбында өтіп жатқан «шеберлік сабақтарына» отандық жалпы практика дәрігерлері, амбулаториялық жағдайда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау басқармасы медициналық ұйымдарының дәрігер-терапевттері қатысуда. Ертең соңғы күн. «Шеберлік сабағын» С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті онкология кафедрасының өкілдері Арман Хожасев пен Айжан Джақыпбаева жүргізуде.

Қазіргі уақытта қатерлі ісік ауруларын ерте сатысында анық-

тау мәселелеріне және онкологиясы бар пациенттерді диспансерлеу аспектілеріне басымдық берілуде. Мамандар обыр кеселін ерте анықтап, уақытылы емдеуге скринингтік тексеру әдістерінің көп көмегі барын айтып отыр. Ұлттық скринингтік бағдарлама-сы жүйелі қолға алынғалы бері онкологиядан болатын өлім-жітім көрсеткіші едәуір азайғанын оқу-әдістемелік орталықтың басшысы Гүлнар Ердесова атап өтті.

Медицина мамандарына арналған «шеберлік сабағын» Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы мен Жоғары медициналық колледжінің оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырды.

СӘТТІ ОТА

Алматылық торакальды хирургтар кеуде қуысының пішіні бұзылған науқастарға МӘМС шеңберінде ота жасайды.

16 жастағы жасөспірімнің кеуде қуысы үлкейіп, қабырғалары сыртқа дүмпиіп шығып кеткен. Салдарынан оның тыныс алуы, қозғалысы қиындаған. Анасының айтуынша, баланың кеудесіндегі патология 6 жасында пайда болған. Уақыт өте келе томпайып шығып үлкейе бастады. Жан-жақты тексергеннен кейін торакальды хирургтар ота жасау туралы шешім қабылдады. Пациент «Туабітті жүрек ақауы. Кеуде қуысының деформациялануы. 3-ші деңгейлі асимметрия» деген диагнозбен Алматыдағы №1 қалалық клиникалық аурухананың торакальды хирургия орталығына жатқызылды. Сөйтіп, Нұрлан Жарылқапов, Мұқтар Нысанбай, анестезиолог Таива

ЖАСӨСПІРІМНІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСЫ

Ракова мен операциялық медбике Динара Орталықтан құралған бригада күрделі отаны сәтті жасап шықты.

«Операция міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде жасалды. Пациентке Кандрашин әдісі бойынша торакалпастика жасалып, кеуде қуысына титан пластина орнатылды. Науқас отадан соң 7 күн өткеннен кейін ауруханадан шықты», – дейді торакальды хирург Мұқтар Нысанбай.

Кеуде қуысының деформациясы әдетте туа бітті немесе жүре пайда болады. Бұл ақау көбіне ұл балаларда кездесетін көрінеді. Уақытылы түзетпесе асқынып, пациенттің тыныс алуы қиындап, кеуде тұсы ауыра бастайды. Бір жақсысы, қазір оны хирургиялық жолмен түзетуге болады.

Естеріңізге салсақ, 18 жасқа дейінгі балалар медициналық қыз-



метті мемлекет тарапынан ақысыз пайдалана алады.

АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ

ҰЗАҚ ЖАСАЙТЫНДАР КІМДЕР?

Ауыл тұрғындары қалалықтарға қарағанда ұзақ өмір сүреді. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният Мәжілісте өткен Үкімет сағатында мәлімдеді.

«Бүгінде ауылда 7 млн 800-дей адам тұрады. Бұл ел халқының 41%-ын құрап отыр. Ауыл халқының 38%-ы – балалар, қалғаны – ересектер. Бала туу жасындағы әйелдер 1,7 млн-нан асады», – деп атап өтті ведомство басшысы.

Сонымен қатар, ауылдағы денсаулық сақтау мәселесі талқыланған Үкімет сағатында министр ауыл тұрғындарына 5 мыңнан астам медициналық ұйым қызмет ететінін айтты.

СКРИНИНГТЕУ ТІЗБЕСІ КЕҢЕЙТІЛДІ

Коронавирус инфекциясының пандемиясы жылдарында шектеу шараларына байланысты ауыл тұрғындарына мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігі төмендеген көрінеді.

«Соған байланысты ауруларды ерте анықтау және уақытылы емдеу үшін ауқымды профилактикалық қарап-тексерулер енгізілуде. Жыныстық-жас құрамын, халықтың денсаулығын талдауды ескере отырып, нысаналы топ пен ауыл тұрғындарын скринингтеу қызметтерінің тізбесі кеңейтілді. Яғни олар: туғаннан 18 жасқа дейінгі «Балалар»; 18 жасан 29 жасқа дейін «Жастар»; 30 жасан 44 жасқа дейін «Еңбек-1»; 45 жасан 65 жасқа дейін «Еңбек-2» және 66 жасан асқандар – «Зейнеткер», – деп атап өтті ведомство басшысы.

Айтуынша, 15 қыркүйектен бастап Қарағанды облысы Абай ауданының, Ақмола облысы, Аршалы ауданының және Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының аудандық орталық ауруханаларында пилоттық жоба жүргізілуде.

Ал 20 қазаннан бастап ауылдарда профилактикалық қарап-тексерулер бүкіл ел бойынша жүргізілетін болады.

ЖАС ДӘРІГЕРЛЕР КЕРЕК

Биыл еліміздің 10 өңірінде 64 мың тұрғынға медициналық көмек көрсеткен екі медициналық пойыздың жұмысы қайта жанданды. Бұл туралы да Денсаулық сақтау министрі айтты.

«Биыл практикалық денсаулық сақтау қажеттілігіне сәйкес, өңірлерге 2981 жас маман, оның ішінде ауылға 797 адам бағытталды. Министрлік әкімдіктермен бірлесіп тұрақты негізде мамандардың келу мониторингін жүзеге асырады. Ал жергілікті органдар келген жас мамандарды тұрақтандыру бағытында тиісті қадамдарды іске асыруы қажет», – деді А.Ғиният.

Бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



АТ СПОРТЫ

АРҒЫМАҚТАР – АЛАМАНДА, СӘЙГҮЛІКТЕР –

Тақым мен білектің күші сыналатын

Халқымыз үшін жанына ең жақын төрт түліктің төресі – жылқы малы. Көшпелілер мекенін тұлпар тұяғымен дүбірлеткен бабалардың мұрасы – ұлттық ат спорты ойындары. Қазір ат спортының ауқымы кеңейіп, ұлттық ойындар қайта жанданып келеді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Еліміздің жер-жерінде, тіпті, Алматыда да теңге ілу, аударыспақ, көкпар, бәйге секілді ат спорты түрлерін бүгінде жақсы меңгергендер бары қуантады. Ат үстінде орындалатын спорттық жарыстардың заманауи түрлері де дамып келеді. Атпен мәнерлеп жүру (жай жүру, желдіру, шоқырақтатып шабу, пассаж, пьэффе, т.б.), кедергілерден өту (конкур-иппик), 3 сайыс (манежде жүру, аланда атты сынау және кедергілерден өту), жарысу (1200–3200 м қашықтықты барынша тез шауып өту, стилл-чейз, кросс), атпен аң аулау, үлкен қашықтыққа ат шаптыру (25, 50 және 100 км) т.б.

Қылқұйрықтың мықтылығы мен шапшаңдығы, жігіттің ептілігі сыналатын ат спортының түрлері туралы оқи отырыңыз.

КӨКПАР

Ұлттық ат спортының төресі. Күш пен әдіс ұштасуы керек. Әдіс жағынан әр палуанның қарулы болуы аса маңызды. Аттың құлағында ойнап, оны бағындыра алу керек. Көкпарда жәй ғана атқа міну, шаба алу аздық етеді. Кез келген адам аттың бабын тауып, ыңғайын жақсы білер, бірақ көкпар тарту мүлдем бөлек нәрсе. Палуанда айла, әдіс-тәсіл, жү-

ректілік – бәрі бір арнада ұштасуы керек. Ер-азаматтың күші мен шыдамдылығы сыналады. Дегенмен, мұның өзі де жеткіліксіз. Бірнеше келілік серкені тартып, көкпар ережесін сақтап, қазандыққа салым салу рухы мықты шабандоз палуанның ғана қолынан келеді. Көкпарға қатысып, жеңіске жетудегі басты талап – батылдық. Көкпар 2 түрге бөлінеді. Жаппай және командалық көкпар. Жаппай көкпар дәстүрге жатады.

Көкпарда ат жүйрік, белді болуы керек. Әсіресе, салмағы ауыр палуандар үшін жылқы белді болуы міндетті.

АУДАРЫСПАҚ

Спортшының атқа мығым отырысы мен аттың мықтылығы басты талап болып саналатын ұлттық спорт түрі. Қатысушылар 3 салмақтық деңгейге бөлінеді. Мақсаты – қатынасасушыларға неғұрлым теңдік жағдай туғызу. Оны спорттық сайыстың бір түріне айналдыру үшін бір-біріне тең келетін салмақтық деңгейді көбейту. Мұндай әдіс соңғы кездері қолданылып жүр. Аударыспаққа ертеде кез келген тілек білдіруші өз еркімен қатыса беретін болған. Көкпар секілді бұл спортта да жылқы белді болуы шарт. Өзі

мықты, атқа отырысы мығым, білекті жігіттер ғана жеңіп шығады. Сайып келгенде, аударыспақта негізгі міндетті ат пен ойыншы жігіттер атқарады. Оспадарлық, жула қашу, салып қалу, қол қайыру сияқты айла-амалдарды қолдануға болмайды. Аударысу ат пен жігіттің үндескен қимыл-бірлестігіне сүйене отырып, күш-жігердің басымдығын көрсететін қалыпты, байсалды шеберлікке ұласып жатуы шарт. Салт аттылардың бірін-бірі ер үстінен аударып алу сайысына қайрат-күші мол, батыл да төзімді, шапшаң қимылдап, ат құлағында ойнай білетін жігіттер қатысады. Ерте-

ден келе жатқан бұл ойын жаугершілік кезінде найза ұстап, қылыш шабатын жауынгерге қажетті қасиеттерді қалыптастырған.

Қазіргі кезде де жиын-тойларда ұйымдастырылып жүр. Ережесі – ойын аға төрешінің ысқырығымен басталады және тоқтатылады. Тартыс 5 минутқа созылады. Егер осы уақыт ішінде олар бір-бірін жеңе алмаса, ұпай санына қарап бәйге беріледі. Спортшы жарақаттанған немесе киімі қолайсыздық туғызған жағдайда ғана жекпе-жек әр спортшы үшін бес минутқа тоқтатылады. Егер 5 минуттан асып кетсе немесе жалғастыра алмаса, ол спортшыға жеңіліс жарияланады. Спортшы ойынды қайта-қайта тоқтата берсе, оның тоқтатқан уақыты қосылып есептеледі, ол 5 минуттан аспауы тиіс.

ТЕҢГЕ ІЛУ

Шауып келе жатып ат бауырына еңкейіп, жерде жатқан теңгені іліп алатын спорт түрі. Аса сақтық пен ептілік, жылдамдық қасиет қажет.

Тарихтағы әйгілі қолбасшы Александр Македонский Орта Азияға жасаған жорық кезінде жергілікті халықтың теңге ілу ойындарын көріп таңқалып, «Атты жауынгер үшін қажетті нағыз дайындық, міне – осы» деп пікір білдірген. Шүберекке түйілген күмісті іліп әкетуі тиіс. Іркілуге немесе аттың шабысын бәсеңдетуге болмайды. Қазіргі жарыс ережесіне сай спортшының ептілігімен қатар, шауып өткен уақыты да есептеледі. Сондай-ақ, теңге ілуде жылқының да дайындылығы маңызды. Тепе-теңдікті дұрыс ұстауға тиіс.

Ойын барысында теңгені іліп ала алмай, аттан ауып қалып жа-



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Енелер мен келіндер»




Өтетін орны: Абылай хан даңғылы, 38, Ғ.Мүсірепов театры.
Спектакль авторы: Сұлтанәлі Балғабаев.
Қоюшы-режиссері: Ержан Қауланов.
Қоюшы-суретшісі: Нұржан Сәменов.
Жанр: комедия.
Ұзақтығы: 1 сағат, 20 минут.
Жас санаты: 12+.
Күні мен уақыты: 14 қазан, 18.30.



«Менің жан-дүнием» көрмесі

Өтетін орны: Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі.
Көрмеде: Елена Каскулакованың шебер шығармашылығы қойылған. Әр кадрда суретші баланың ішкі көңіл күйін көрсетеді. Көрмеде балалар жанының бірегей әлемін толық ашады, оны біз, ересектер, күнделікті қарбаласта әрдайым байқамаймыз. Сіздер балаларыңыздың таңғажайып әлеміне терең үңілуге тырысыңыздар!
Күні мен уақыты: Қараша айының 6-сына дейін тамашалауға болады.
Жас санаты: 3+.



Қазақстан чемпионаты

Турнир: КР Кубогы.
Өтетін орны: Орталық стадион.
Сыйымдылығы: 23 804 адам.
Өтетін күні: 15 қазан.
Басталуы: 20.00.
Жас шектеуі: 5 жасқа дейін тегін. Орын берілмейді.
Қосымша: Назар аударыңыз! Орталық стадионға кіру Ashyq жүйесі арқылы жүзеге асырылады.



САЙЫСТА СЫНАЛАДЫ

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ



татындар да көп болады. Кейде бір ауылға келін ұзағырақ жылдардан кейін түсіп, беті ашылғаннан кейінгі сайранда бырым үшін де ойналады. Сонда жас келін өзінің шолпысын не алқа күмістерін орамалға түйіп, бір қарыстай терең қазылған, қолдың басы ғана сиятын шұңқырға салып қояды. Сәйгүлік мінген жігіттер жүз, жүз елу метрдей жерден екпіндете шауып келіп, сол ағынымен шұңқырдағы орамалды іліп әкетуге тиіс. Шұңқыр тұсында іркіліп, тоқтауға не аттың шабысын бәсеңдетуге болмайды.

Кімде-кім орамалды іліп әкетсе, оны өзіне тартылған жас келіннің тарту сыйы деп біледі. Оны өзі алып қалмайды, қалаған адамына сыйлайды.

ЖАМБЫ АТУ

Ұлттық ат спортында жамбы атудың да жөні бөлек. Шабандоздың шеберлігімен қатар, жылкының шабысы да маңызды. Ат пен спортшы байланысы мықты болуға тиіс. Аспен шауып келе жатып садақ ату нағыз мергеннің қолынан келеді. Бұл ойынды

баяғы заманда көшпелілер жауынгерлердің мергендік қабілетін жетілдіру үшін қолданған. Басты мақсаты: біріншіден, әскери-жауынгерлік дайындықты жетілдіру, екіншіден, ел арасындағы мергендерді (садақшыларды) анықтап, оларды көтермелеу, үшіншіден, сыналған мергендерден арнайы топ құрып, соғыста күштік құрылым ретінде пайдаланған.

БӘЙГЕ


Ұлттық ат спортының бұл түрі түркі тектес басқа халықтарда да бар.

Мысалы, бәйге өзбектерде «пайга», қырғыздарда «чабыш» деп аталады екен. Бұрын бәйгеге қосылған аттар түстік, күндік жерге, ұзақ қашықтықтарға шабатын (аламан бәйге). 1957 жылы Қазақстанда қабылданған ереже бойынша құнан бәйге 1200, 1500, 1600, 1800, 2000 м, дөнен бәйге 2400, 3000, 3200, 4000, 4800 м, ат бәйгесі 5000, 8000, 10000 м қашықтықтарда өткізіледі. Көбінесе, қашықтық төрешілер алқасының шешімі бойынша бәйге алаңы (ипподром) айналымының ұзындығына байланысты белгіленеді.

Шын шабандоздардың ат жарысы қазақ халқының үлкен жиындарының ажырамас бөлігіне айналған деуге әбден болады. Спортшылар белгіленген жерге алғашқы болып жету үшін бар күш-жігерін салып шабады. Жарыс тура және бұрылыстары бар тегіс не дөңгелек бәйге алаңдарда өтеді. Бәйгенің 3 түрі бар: ұзақ қашықтық жарысы – Аламан бәйге, Құнан бәйге және Жорға жарысы. Аламан бәйге шабандоздар шеберлігінің сынағы болып қана қоймай, сәйгүліктердің шыдамдылығы сынға алынатын жарыс. Топтан озған тұлпарлар бәйгені алады.



ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

БҮКІЛ ҚАЗАҚ «АХАҢ» ДЕГЕН

Ахмет Байтұрсынов – аса ірі қоғам қайраткері, көрнекті ақын, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту үшін аянбай күрескен, тіл ғылымының негізін салған тіл зерттеушісі, қазақ поэзиясын теориялық тұрғыдан тануды жүйелеп, ізге салған теоретик-ғалым, халыққа білім беру саласында еңбек сіңірген педагог-ұстаз. Оның «Қазақ» газетін шығарудағы атқарған қызметі өз алдына бір төбе. Ол ХХ ғасырдың басында, аумағы-төкпелі заманда қазақ қоғамының өміріне жаңа бағыт, жаңа арна тапқан қайраткерлердің алдыңғы шебінде болып, қазақ мәдениеті, қоғамдық ой-санасы дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ахан осы салалардың бәрін түгел айтпағанда, тек ақындығы мен әдебиеттануға сіңірген еңбегімен-ақ тарихта аты қалуға әбден лайық.

Зәки АХМЕТОВ.

ТҰЛҒАТАНУ

ӘЛИХАНҒА ХАТ

«Қазақ мемлекеттік баспасымен келісілген шартқа сәйкес, мен жаңа емле бойынша үш грамматика және қазақ әліпбесін қайта жасауым керек. Аяқталу мерзімі: біріншісі – 15 маусым, екіншісі – 1 шілде, үшіншісі – 1 тамыз, төртіншісі – 20 тамыз. Міне, сол уақытқа шейін басқа жұмыстарға қарауға мұрша жоқ; оның үстіне Қазақ-қырғыз институтында оқу басталса, тағы да бос уақыт болмай қалады. Сол себепті де, 20 тамызға дейін Ибраһимнің (Абайдың) ғұмырбаянын жаза алмайтынымды анық айтамын. 20 тамыздан соң уақыт бола ма, жоқ па – оны білмеймін».

1925 жыл, 1 маусым.

КҮНБАҚПА, БҮРКЕУКҮН, АЙНЫМАЛ

Аханьның әрбір еңбектерінен тарихтың қош иісі бұрқырап тұратын көне сөздер мен Ахань өзі өмірге әкелген тың терминдер және сүйекті тіркестер жиі кездеседі. Солардың бірнешеуін атай кетсек – күнбақпа, бүркеукүн, айнымал деген сөздер. Күнбақпа атты бұл сөз ғалымның «Әліпби. Жаңа құрал» атты оқулығының 105-106-беттерінде «Күнбақпамыз» атты шағын мәтін бар. Мәтіннің ұзын-ырғасы бастауыш мектеп оқушыларының әр айдағы ауа райы жағдайын керегекөз кесте сызып, сол кестеге жазып отыратыны туралы баяндалған. Енді осы үш сөзге жеке-жеке тоқталайық:

Күнбақпа – түпнұсқада сол кездегі төте жазудың емлесі бойынша «күн-бақба» болып жазылған. Бұл сөзді ғалым «ауа райының жай-күйі» немесе «бір айлық күн райының жағдайы» деген сөйлемді бейнелейтін термин ретінде қолданған. Және осы бір жасампаздықпен кітапқа енгізген термин сол кезеңдерде белсенді қолданыста болған сияқты.

Бүркеу – бүркеукүн дегенді мал шаруашылығымен шұғылданып отырған ауылдағы қазақтар әлі күнге дейін қолданады. Таңнан кешке дейін күн ашылмаған, бұлтты күнді айтады. Қазақтың ауызекі тіліндегі сол бір «бүркеу» сөзін А.Байтұрсынұлы міне осылайша ресми стильдегі қолданысқа да икемдей бастағанын көруге болады.

Айнымал – бұл сөз ала бұлтты немесе күн бірде ашылып, бірде жауындатқан тұрақсыз ауа райын бейнелеуге арналған. Халықтың тілінде де айнымал сөзі айнығыш, тұрақсыз, тұрлаусыздықты бейнелейтін сөз екені баршаға аян. Алматының ауа райы мүмкін осы айнымал сөзіне дәл келсе керек. Алақандай ғана мәтіннен Алаштың ұлт ұстазы салған сара жолдың әлдебір бөлегі көзге шалынғандай болады. Аталған мәтінде қыстың ауа райын «ашық», «қар», «бүркеу» және «айнымал» деп төрт-ак түрге бөліп көрсетеді...

Ахань мұраларында ана тілімізді талай ғасырға дейін таза ұстауымызға септігі тиетін тың тіркестер, сөздік қорлар жетерлік...

Әділет АҚЫМЕТҰЛЫ.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ЖАЗБАЛАРЫНАН

АНА ТІЛІМІЗДЕН СӨЗ ТАБУЫМЫЗ КЕРЕК

Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек.

ӨРКЕНДЕТІН УАҚЫТЫМЫЗ ЖЕТТІ

...Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендетіп уақытымыз жетті.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

(Деректер ашық интернет көздерінен алынды).

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

«Мөлдір махаббат»



Өтетін орны: М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театры.
Күні мен уақыты: 18 қазан, 18.30.
Спектакль авторы: Сәбит Мұқанов.
Қоюшы-режиссері: Ә.Рахимов.
Қоюшы-суретшісі: Е.Тұяқов.

Композиторы: Б.Дәлденбай.
Режиссер көмекшісі: Г.Сейтімбет.
Жанр: драма.
Ұзақтығы: 2 сағат.
Жас санаты: 14+.

«Дос-Мұқасан»



Өтетін орны: Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.
Күні мен уақыты: 17 қазан, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.
Өндіріс елі: Қазақстан.
Режиссері: Айдын Саханов.
Басты актерлар: Мейіргат Амангелдин, Мақсат Сәбитов, Елдос Шайкенов, Саят Мақұлбаев.
Жанр: Өмірбаян, драма, музыка.
Ұзақтығы: 2 сағат.

Әзірлеген
Ақтоқын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ДҮЙСЕНБІ
17 ҚАЗАН

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Алматы кеші
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия. Каз/рус
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильмы
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
12.30 Almaty, suiem seni
13.00 Үздік әзілдер
14.30 Тұсаукесер! Телехикая. Ұлы Селжүктер 39 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Басты назарда (тікелей эфир)
16.00 Женский кино клуб. Три в одном 11-12 серия
18.00 Социальное ток-шоу «Шешімі бар»
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Тұсаукесер! Телехикая. Ұлы Селжүктер 40 серия
20.50 Тұсаукесер! Телехикая. Томпи. Армандар орындалады 1-2 серия
21.50 Тұсаукесер! Телехикая. Ымырт 1-2 серия
23.00 Мужской сериал. Бригада 1 серия
0.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.00 Басты назарда (қайталау)
1.30 Сәуле-ғұмыр
2.20 Өмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.40 Алматы тұнған тарих
4.00 Алматинские истории
4.25 Алматинские каникулы
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жүректегі күз». Телехикая. (Түркия, 2019-2021 ж.ж.)
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Күйеу бала 2». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
14.10 «Apta». Сараптамалық бағдарлама.
15.00 AQPAPAT
15.15 «Солтүстікке көш». Арнайы жоба
15.45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая. (Қазақстан, 2018 ж.)
17.00 AQPAPAT
17.15 «АУЫЛДАСТАР». Телехикая. (Түркия, 2019-2021 ж.ж.)
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «КҮЙЕУ БАЛА 2». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (Түркия, 2021-2022 ж.ж.) (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 «Сана». Ток-шоу.
1.35 AQPAPAT
2.10 «Өмір көркем»
3.00 «Ауылдастар»
3.30 Өнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
07.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 Тұсаукесер! «Бақыттың кілті»
10.35 Мультсериал. «Нильс»
11.00 Тұсаукесер! «Келінжан 4»
12.00 Тұсаукесер! «Мелек»
14.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Мегахит. «В прямом эфире»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости. Итоги дня
19.00 Қорытынды жаңалықтар. Біздің мақсат
20.00 Тұсаукесер! «Келінжан 4»
21.00 Тұсаукесер! «Мелек»
23.00 Телесериал. «Вопреки судьбе»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 Ризамын
07.00 Утренняя программа «Таңсәрі». Прямой эфир
09.00 Үнді сериалы «Анупама»
10.00 Мультсериал «Царевны»
10.30 Мультсериал «Маша и медведь»
11.10 Т/сериал «СеняФедя» (повтор)
12.15 Т/сериал «СеняФедя»
13.15 КИНО. Дэйв Батиста в комедийном боевике «Али, рули!» (повтор)
15.20 КИНО. Кит Харингтон в историческом боевике «Помпеи» (повтор)
17.30 КИНО. Адам Сэндлер в комедии «Притворись моей женой»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21.55 КИНО. Джеки Чан в боевике «Близнецы-драконы»
00.10 Үнді сериалы «Анупама» (қайталау)
01.10 «31 әзіл»
02.00 What's up
02.30 Сериал «Паутина»
03.20 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.00 «П@UTINA» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «УРОКИ СЧАСТЬЯ». Многосерийный фильм
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Премьера. Сергей Селин, Алексей Нилов, Александр Половцев, Андрей Федорцов, Михаил Тарабукин, Любовь Виролайнен в многосерийном фильме «ПОЛИЦЕЙСКОЕ БРАТСТВО»

- 0.40 Премьера. Большое кино. «СОБОР»
1.40 Ночной кинотеатр. «ОХОТА НА ИЗЮБЯ»
2.30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.35 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3.20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.10 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00 Х/с «Женский доктор»
10.00 Х/с «Случайный кадр»
12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
14.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Әке мен әке»
16.10 Х/с «Дылды»
17.20 Х/с «Женский доктор»
18.30 Aibat
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Х/с «Случайный кадр»
22.00 Т/х «Әке мен әке»
23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
00.00 Х/с «Дылды»
01.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
03.00 Jaidarman
04.00 Т/х «Япырай»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ЖАТ ТҮЫСТАР», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
08.30 «СОЛОМОНОВО РЕШЕНИЕ», мелодрама (худ.сериал)
12.30 «ТАНЕЦ МОТЫЛЬКА», мелодрама (худ.сериал)
16.30 «ЗӘКИРА». Тұсаукесер! С субтитрами на русском (док.драма)
17.30 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
18.55 «ҚОҒАМДЫҚ ҚАҒЫМТА СОҚҚЫ», отандық телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «МЕДИУМ», детективная мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
00.00 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. ДАЛЬНИЕ РУБЕЖИ», остросюжетный боевик. Премьера! (худ.сериал)
01.50 «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ», остросюжетная мелодрама (повтор) (худ.сериал)
03.15 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 ТЕННИС. Кубок Дэвиса. Групповой турнир. Франция – Бельгия
09.40 «Катарға дайындық». Деректі фильм
10.35 «Көшпенділер ойындары-2022. Бағымыз жанған бәсеке». Арнайы репортаж
10.50 ХОККЕЙ НА ТРАВЕ. Чемпионат Азии среди сборных. Индонезия – Тайвань. Прямой эфир

- 12.15 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
13.05 ХОККЕЙ НА ТРАВЕ. Чемпионат Азии среди сборных. Узбекистан – Таджикистан. Прямой эфир
14.35 «Тұлға». Е.Ыбрайымов. Деректі фильм
15.05 «Сымбатты арулар бәсекесі». Арнайы репортаж
15.20 ХОККЕЙ НА ТРАВЕ. Чемпионат Азии среди сборных. Гонконг – Казахстан. Прямой эфир
16.50 ФУТБОЛ. Чемпионат мира среди женщин U-17. Групповой турнир. Новая Зеландия - Германия. Прямой эфир
18.55 «Ұлы дала жорығы». Арнайы репортаж
19.20 ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Барыс» (Астана) – «Торпедо» (Москва). Тікелей эфир
22.00 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
22.35 ММА. М-1. CHALLENGE 81 (2017)
00.25 «Ұлттар лигасындағы ұлттық құрама». Арнайы репортаж
00.45 Өнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
7.15 Анимация. Отандық / «Көжектер»
7.45 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
8.10 «Сақшы арыстан» Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық / «Тәп-тәтті хикая»
9.00 «Еге мен Гага» Мультхикая.
9.25 Анимация. Отандық / «Ертемір»
9.55 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
10.10 «Еңбек-ермек» танымдық бағдарлама
10.20 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
10.25 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
10.50 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
11.05 «Күмбір live» танымдық бағдарлама.
11.15 «Винкстер клубы» Мультхикая.
11.40 Анимация. Отандық / «Айдар»
12.00 «Дарын мен Айзере» ситком.
12.15 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
12.40 Анимация. Отандық / «Глобус»
12.45 «Қайсар автобус» Мультхикая.
13.00 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
13.20 Анимация. Отандық / «Ағаш ат»
13.35 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
14.00 Анимация. Отандық / «Кемпірқосақ»
14.15 Анимация. Отандық / «Сиқырлы кітаптар»
14.40 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
14.50 Анимация. Отандық / «Көжектер»
15.25 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
15.40 «Турбозаврлар» Мультхикая.
16.05 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
16.30 «Сынық сынып» ситком.

- 17.05 «Сақшы арыстан» Мультхикая.
17.30 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
17.50 Анимация. Отандық / «Ертемір»
18.25 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
18.50 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
19.15 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
19.30 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
19.40 «Дарын мен Айзере» ситком.
20.00 «Еге мен Гага» Мультхикая.
20.30 «Турбозаврлар» Мультхикая.
20.55 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
21.15 Анимация. Отандық / «Ағаш ат»
21.35 «Қайсар автобус» Мультхикая.
21.55 «Винкстер клубы» Мультхикая.
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
23.05 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
23.30 Анимация. Отандық / «Айдар»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.20 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
10.25 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
11.30 «Күң мен ханзада» корей телехикаясы
14.30 «Көру керек!» бағдарламасы
17.40 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19.20 «Сонар» телехикаясы
20.00 «Astanatimes»
21.00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23.50 «Шырмалған шындық» корей телехикаясы
01.30 «Жұрттың балалары» телехикаясы
02.00 «Бақыт құшағында» бағдарламасы
03.15 «Мариям» телехикаясы



TALIMTV

- 07.00 Views
08.10 Қышқыл-мысқыл
09.00 Семейный доктор
09.30 Проза параграф
09.55 Саулықтың сыры
10.10 Қалақай
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Фибратты ғұмырлар
13.15 Саулықтың сыры
13.30 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Жолсерік» – телехикая
17.00 Ой-талқы
17.50 Dara til
18.10 Оңline
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Тәлім trend
19.35 Әжемнің әңгімесі
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
21.00 «Жолсерік» – телехикая
22.00 Руханият
22.30 Менің Анам Әкем
22.55 Views

СЕЙСЕНБІ
18 ҚАЗАН

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия. Каз/рус
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Тұсаукесер! Телехикая. Томпи. Армандар орындалады 1-2 серия
14.00 Тұсаукесер! Телехикая. Ұлы Селжүктер 40 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Басты назарда (тікелей эфир)
16.00 Женский кино клуб. Три в одном 13-14 серия
18.00 Социальное ток-шоу «Шешімі бар»
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Тұсаукесер! Телехикая. Ұлы Селжүктер 41 серия
20.50 Тұсаукесер! Телехикая. Томпи. Армандар орындалады 3-4 серия
21.50 Тұсаукесер! Телехикая. Ымырт 3-4 серия
23.00 Мужской сериал. Бригада 2 серия
0.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.00 Басты назарда (қайталау)
1.30 Сәуле-ғұмыр
2.20 Өмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.40 Алматы тұнған тарих
4.00 Алматинские истории
4.25 Алматинские каникулы
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Әнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жүректегі күз». Телехикая. (Түркия, 2019-2021 ж.ж.)
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Күйеу бала 2». Телехикая. «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
14.10 «Қызық екен...»
15.00 AQPAPAT
15.15 «Тіршілік»
15.45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая. (Қазақстан, 2018 ж.)
17.00 AQPAPAT
17.15 «АУЫЛДАСТАР»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая. (Түркия, 2019-2021 ж.ж.)
20.00 AQPAPAT
20.30 «БЕРЕКЕТ КІЛТИ – БЕЙНЕТ»
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир. (30-бағдарлама)
21.30 «КҮЙЕУ БАЛА 2». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (Түркия, 2021-2022 ж.ж.) (с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.35 «Сана». Ток-шоу
1.35 AQPAPAT
2.10 «Өмір көркем»
3.00 «Ауылдастар»
3.30 Әнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
07.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 Тұсаукесер! «Уәде»
10.35 Мультсериал. «Нильс»
11.00 Тұсаукесер!
12.00 Тұсаукесер! «Мелек»
14.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телесериал. «Вопреки судьбе»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости. Итоги дня
19.00 Қорытынды жаңалықтар. Біздің максат
20.00 Тұсаукесер! «Келінжан 4»
21.00 Тұсаукесер! «Мелек»
23.00 Телесериал. «Другая Я»
01.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Информбюро (повтор)
07.00 Утренняя программа «Таңсәрі». Прямой эфир
09.00 Үнді сериалы «Анупама»
10.00 Мультсериал «Царевны»
10.30 Мультсериал «Маша и медведь»
11.20 Т/сериал «Потомки солнца»
12.50 КИНО. Джеки Чан в боевике «Близнецы-драконы» (повтор)
15.20 КИНО. Адам Сэндлер в комедии «Притворись моей женой» (повтор)
18.00 КИНО. Кевин Джеймс в комедии «Шопо-коп»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21.55 КИНО. Александр Скарсгард в драме «Последствия»
00.10 Үнді сериалы «Анупама» (қайталау)
01.10 «31 әзіл»
02.00 What's up
02.30 Сериал «Паутина»
03.20 Өзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12.00 «А У НАС ВО ДВОРЕ». Многосерийный фильм
13.10 Сергей Маховиков, Дарья Мороз, Олеся Судзиловская, Николай Добрынин, Анна Горшкова в многосерийном фильме
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Премьера. Сергей Селин, Алексей Нилов, Александр Половцев, Андрей Федорцов, Михаил Тарабукин, Любовь Виролайнен в многосерийном фильме «ПОЛИЦЕЙСКОЕ БРАТСТВО»

- 0.40 Премьера. Большое кино. «СОБОР»
1.40 Ночной кинотеатр. «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ»
2.30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.35 «KÖREMİZ» бағдарламасы



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.10 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00 Х/с «Женский доктор»
10.00 Х/с «Случайный кадр»
12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
14.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Әке мен әке»
16.10 Х/с «Дылды»
17.20 Х/с «Женский доктор»
18.30 Aibat
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Х/с «Случайный кадр»
22.00 Т/х «Әке мен әке»
23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
00.00 Х/с «Дылды»
01.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
03.00 Профилактика



KTK

- 07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.50 «ЖАТ ТУЫСТАР», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
09.30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10.10 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. ДАЛЬНИЕ РУБЕЖИ», остросюжетный боевик (повтор)
12.10 «МЕДИУМ», детективная мелодрама (повтор)
14.30 «БЕГЛЯНКА», мелодрама (худ.сериал)
16.30 «ЗЭКИРА». Тұсаукесер! С субтитрами на русском (док.драма)
17.30 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
18.55 «ҚОРЫҚШЫ: ҚАРЫМТА СОҚҚЫ», отандық телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «МЕДИУМ», детективная мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
00.00 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. ДАЛЬНИЕ РУБЕЖИ», остросюжетный боевик. Премьера! (худ.сериал)
01.50-
03.00 «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ», остросюжетная мелодрама (повтор) (худ.сериал)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Әнұран
07.05 ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Барыс» (Астана) – «Торпедо» (Москва)
09.35 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
10.10 Арнайы репортаж
10.30 ВОЛЕЙБОЛ. Әлем Чемпионаты. Екінші топтық турнир. (Әйелдер). Италия – Жапония
12.25 Қазақстан ұлттық құрамасының Ұлттар Лигасындағы ойындарына шолу

- 13.00 ГАНДБОЛ. Чемпионат Азии среди женских клубных команд. «Foolad Sepahan Esfahan» – «Uzbekchka»
14.20 «Көшпенділер ойындары–2022. Бағымыз жанған бәсеке». Арнайы репортаж
14.40 ДЗЮДО. Әлем Чемпионаты. Ташкент
15.50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
16.15 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
16.50 ФУТБОЛ. Чемпионат мира среди женщин U-17. Групповой турнир. Колумбия – Мексика. Прямой эфир
18.55 «Ұлттар лигасындағы ұлттық құрама». Арнайы репортаж
19.10 «Катарға саяхат». Деректі фильм
20.00 «АЛАМАН». 7 бағдарлама
20.20 ФУТБОЛ. Чемпионат мира среди женщин U-17. Групповой турнир. Франция – Япония. Прямой эфир
22.20 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
22.55 ММА. «ALASH PRIDE 76»
01.40 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
02.30 Әнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
7.15 Анимация. Отандық / «Көжектер»
7.45 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
8.10 «Сақшы арыстан» Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
9.00 «Еге мен Гага» Мультхикая.
9.25 Анимация. Отандық / «Ертемір»
9.55 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
10.10 «Miss Kaussar» танымдық бағдарлама
10.20 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
10.25 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
10.50 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
11.05 «Күмбір live» танымдық бағдарлама.
11.15 «Винкстер клубы» Мультхикая.
11.40 Анимация. Отандық / «Айдар»
12.00 «Дарын мен Айзере» ситком.
12.15 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
12.40 «Табиғат таңғажайыптары» танымдық бағдарлама.
12.45 «Қайсар автобус» Мультхикая.
13.00 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
13.35 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
14.00 Анимация. Отандық / «Кемпірқосақ»
14.15 Анимация. Отандық / «Сиқырлы кітаптар»
14.40 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
14.50 Анимация. Отандық / «Көжектер»
15.25 «Өнертапқыш Ник» Мультхикая.
15.40 «Турбозаврлар» Мультхикая.
16.05 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
16.30 «Сынық сынып» ситком.

- 17.05 «Сақшы арыстан» Мультхикая.
17.30 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
17.50 Анимация. Отандық / «Ертемір»
18.25 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
18.50 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
19.15 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
19.30 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
19.40 «Дарын мен Айзере» ситком.
20.00 «Еге мен Гага» Мультхикая.
20.30 «Турбозаврлар» Мультхикая.
20.55 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
21.35 «Қайсар автобус» Мультхикая.
21.55 «Винкстер клубы» Мультхикая.
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
23.05 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
23.30 Анимация. Отандық / «Айдар»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.20 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
10.25 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
11.30 «Шырмалған шындық» корей телехикаясы
13.30 «Айтарым бар» Ток шоу
14.40 «Ұлыбака пересемешника» телесериал
17.40 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19.20 «Сонар» телехикаясы
20.00 «Astanatimes»
21.00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23.50 «Шырмалған шындық» корей телехикаясы
01.30 «Жұрттың балалары» телехикаясы
02.00 «Бақыт құшағында» бағдарламасы
02.30 «Той жыры» бағдарламасы
03.00 Профилактические работы



TALIMTV

- 07.05 Syrym story
07.40 Рухани байлық
08.10 Қазақ спортының классикасы
09.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
10.00 Саулықтың сыры
10.10 «Ерте, ерте, ертеде...» – Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 Пруст сауалнамасы
11.30 Балалық шаққа саяхат
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Өнер қырандары
13.10 Денсаулық сыры
13.30 «Бір дубль»
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Жолсерік» – телехикая
17.00 Views
18.10 Қазақ білсін
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Емен-жарқын
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
21.00 «Жолсерік» – телехикая
22.00 Айтыстар. Алтын қор
22.30 Orkeni style
22.55 Views

СӘРСЕНБІ
19 ҚАЗАН

Almaty TV АЛМАТЫ

17.00-ГЕ ДЕЙІН
ТЕХНИКАЛЫҚ ҮЗІЛІС

- 17.00 Тұсаукесер! Телехикая. Томпи. Армандар орындалады 3-4 серия
- 18.00 Социальное ток-шоу «Шешімі бар»
- 19.00 Қорытынды жаңалықтар
- 19.30 Итоговые новости
- 20.00 Тұсаукесер! Телехикая. Ұлы Селжүктер 42 серия
- 20.50 Тұсаукесер! Телехикая. Томпи. Армандар орындалады 5-6 серия
- 21.50 Тұсаукесер! Телехикая. Ымырт 5-6 серия
- 23.00 Мужской сериал. Бригада 3 серия
- 0.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
- 1.00 Басты назарда (қайталау)
- 1.30 Сәуле-ғұмыр
- 2.20 Өмір иірімі
- 3.00 Дала сазы
- 3.40 Алматы тұнған тарих
- 4.00 Алматинские истории
- 4.25 Алматинские каникулы
- 4.40 Алматы кеші
- 5.55 ҚР Әнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
- 6.05 «Жәдігер»
- 6.25 AQPAPAT
- 7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
- 10.00 AQPAPAT
- 10.10 «Жүректегі күз». Телехикая. (Түркия, 2019-2021 ж.ж.)
- 12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
- 13.00 AQPAPAT
- 13.10 «Күйеу бала 2». Телехикая. («Qazqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
- 14.10 «Зинһар»
- 15.00 AQPAPAT
- 15.15 «Рақымжан Қошқарбаев». Деректі фильм
- 15.45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая. (Қазақстан, 2018 ж.)
- 17.00 AQPAPAT
- 17.15 «АУЫЛДАСТАР»
- 18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая. (Түркия, 2019-2021 ж.ж.)
- 20.00 AQPAPAT
- 20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир. (31-бағдарлама)
- 21.30 «КҮЙЕУ БАЛА 2». Телехикая. («Qazqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)
- 22.30 «БАҒЫРЛАР». Телехикая. (Түркия, 2021-2022 ж.ж.) (с субтитрами)
- 23.20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
- 0.35 «Сана». Ток-шоу.
- 1.35 AQPAPAT
- 2.10 «Өмір көркем»
- 3.00 «Рақымжан Қошқарбаев». Деректі фильм
- 3.30 Әнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Әнұраны
- 05.00 «Қызық times»

- 06.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
- 07.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
- 10.00 «В фокусе»
- 10.30 Мультсериал. «Нильс»
- 11.00 Тұсаукесер! «Келінжан 4»
- 12.00 Тұсаукесер! «Мелек»
- 14.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «АйнаLine»
- 15.00 Телесериал. «Другая Я»
- 17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
- 18.00 Новости. Итоги дня
- 19.00 Қорытынды жаңалықтар. Біздің мақсат
- 20.00 Тұсаукесер! «Келінжан 4»
- 21.00 Тұсаукесер! «Мелек»
- 23.00 Телесериал. «Другая Я»
- 01.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
- 06.00 Информбюро (повтор)
- 07.00 Утренняя программа «Таңсәрі». Прямой эфир
- 09.00 Үнді сериалы «Ануама»
- 10.00 «31 әзіл»
- 10.30 Мультсериал «Царевны»
- 11.00 Мультсериал «Маша и медведь»
- 12.00 Т/сериал «Потомки солнца»
- 13.30 КИНО. Александр Скарсгард в драме «Последствия» (повтор)
- 16.00 КИНО. Кевин Джеймс в комедии «Шопо-коп» (повтор)
- 18.00 КИНО. Кевин Джеймс в комедии «Толстяк против всех»
- 20.00 Информбюро (рус/каз)
- 21.00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
- 21.55 КИНО. Николас Кейдж в боевике «Говорящие с ветром»
- 00.50 Үнді сериалы «Ануама» (қайталау)
- 01.40 «31 әзіл»
- 02.00 What's up
- 02.30 Сериал «Паутина»
- 03.20 Әзіл студия
- 03.50 1001 Әзіл
- 04.00 BALA BATLLE
- 04.30 What's up?
- 05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
- 7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
- 8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
- 9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
- 10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
- 10.50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
- 12.00 «А У НАС ВО ДВОРЕ». Многосерийный фильм
- 13.10 Сергей Маховиков, Дарья Мороз, Олеся Судзиловская, Николай Добрынин, Анна Горшкова в многосерийном фильме «ДОМ С ЛИЛИЯМИ»
- 14.10 «НОВОСТИ»
- 14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
- 14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
- 18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
- 19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
- 20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
- 20.35 Премьера. Сергей Селин, Алексей Нилов, Александр Половцев,

- Андрей Федорцов, Михаил Тарабукин, Любовь Виролайнен в многосерийном фильме «ПОЛИЦЕЙСКОЕ БРАТСТВО»
- 0.40 Премьера. Большое кино. «СОБОР»
- 1.40 Ночной кинотеатр. «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ»
- 2.30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
- 2.35 «KÖREMİZ» бағдарламасы
- 3.20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»



7-КАНАЛ

- 18.35 Сағыныш – Әке
- 18.50 Денсаулық сыры
- 19.00 Talim Speakers
- 19.35 Пруст сауалнамасы
- 19.50 Ұлт саулығы
- 20.00 «Бір дубль»
- 21.15 Бақытты отбасы
- 21.30 Тастандылар – қ.м.ф.
- 22.00 Руханият
- 22.30 Балалық шаққа саяхат
- 22.55 Views

«Мағжан. Мен жастарға сенемін». Телехикая.
«Қазақстан» арнасы. Сағат 20.50-де.



ҚОНАЕВ – 110

КЕМЕҢГЕР

Көзі тірісінде-ақ халқының қадірлі көсеміне айналған дара да, дана тұлға
Дінмұхамед Қонаевтың жеке дәрігерімен сұхбат

Әлем ұлы тұлғаларға бай. Олардың жүріп өткен дара жолы көпке үлгі. Ондай жандар жақұтпен тең. Айрықша асыл азаматтардың есіл еңбектері елдің есінде мәңгі сақталары анық.

Қазақ даласында батыр бабалардың іздері сайрап жатыр. Баһадүрлер өз дәуірінде айбынды ерліктер жасады. Елдің еңсесін көтерді. Алмағайып дәуірлерден халықты өз болмысын сақтай отырып алып шықты. Сондай ерен тұлға, XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның басшылығында ширек ғасырдан астам уақыт билік құрған, мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың дара тұлғалығы аңызға бергісіз әңгіме саналады. Биылғы жылы Мемлекет басшысының бастамасымен Қапшағай қаласының ресми атауы Қонаев болып өзгертілді. Сонымен бірге, халқының кемеңгер перзентінің 110 жылдық мерейтойы республика көлемінде аталып өтілуде. Қазақтан шыққан аңыз адамның қарапайым өмірдегі бет-бейнесін кім-кімнің де білгісі келетіні айқын. Осыған орай, уақытында бір мүшел өлшемде Димаш Ахметұлының жеке дәрігері болған Ахат АМИНҰЛЫМЕН сұхбаттасқан едік.



ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ...

– Аға, Дінмұхамед Қонаев атамыз қандай адам еді?

– Әр адамның өмірдегі бағыт-бағдары, алға қойған мақсаты болады. Біреу туа бітті, ендігісі өмірлік тәжірибе жинай отырып қалыптасады. Сөйтіп, қызу тірлікке еніп кетеді. Бұл адамзат баласына тән үрдіс. Бізге дейін де, осындай соқпақ, бұралыс, арасында теп-тегіс жол ұшырасты. Қазіргі кездің де өз айырмашылықтары бар. Болашақта заманның ығының қалай болатынын уақыт көрсетер.

Дегенмен, осындай толғанысты әрі тағдырлы сәттерде адам шыңдалады. Бойындағы жігерін жаниды. Асыл қасиеттерін еңбек дейтін арнаға салады. Түрлі бұралаң жолдардан өтіп, дауылды сәттерді бастан өткереді. Ақырында ашық аспанды көріп, өзінің адал еңбегінің арқасында биік белеске шығады. Бұл – тағдырдың адам баласына жасаған айрықша қасиеті мен қағидаты саналады.

Осы жоғарыдағы ойларды арнайы мысалдадым. Себебі, көзі тірісінде халқы қадірлеген Дінмұхамед Ахметұлы сондай кемеңгер, дара тұлға еді. Ел-жұрттың алдында қандай мәдениеттілік биігінен көрінсе, қарапайым тіршілікте де сол қалпынан танбады. Елді бірінен-бірі бөліп жармады. Әрдайым әділетті болуға тырысты. Күндіз-түні халқының камын жеді. Тақапарлық пен менмендікті бұғауда ұстады. Мұны асыра мадақтау деп түсінбеген абзал. Қайта аңыз тұлғаның ел біле бермейтін айрықша қасиеті ретінде есептейміз. Нағыз ірі тұлға болатын. Майда сөйлемейтін. Кішіге ізетті, үлкенге құрметті еді.

БАҚЫТТЫ ЖАНМЫН

– Сіз қалайша жоғары лауазымды тұлғаның жеке дәрігеріне айналдыңыз?

– Ол уақытта анестезиолог-реаниматолог деген қадірлі мамандық еді. Реанимацияда істедік. Арасында кандидаттық жұмыс жасадық. Содан кейін жоғары категорияға өттік. Сөйтіп жүргенде Димаш Ахметұлының

жеке дәрігерлігіне қызметке жіберді. Бұл оқиғаның шежіресі былай болған еді. Бірде Хирургия институтының директоры, академик Александр Сызганов мені шақырды. Ол кісі Димекеннің жеке дәрігерлігіне мені ұсынғандығын айтты. Жүрегім дір етті.

Сөз соңында «институт абыройына кір келтірме» деп батасын берді. Содан кейін сол шақтағы Денсаулық сақтау министрі Төрегелді Шармановқа бардық. Ол маған өз ісімнің шебері болуымды, қақ-соққа араласпауымды сұрады. Сол кезде медицина ғылымының академигі Евгений Чазов маған «сен жәй қатардағы дәрігер емессің, сен врач-реаниматологсың. Егер ол кісі реабилитациядан өтсе, жұмысын жалғастырады, әйтпесе зейнетке шығады» деген болатын. Осылайша мойныма артылған жүкті сезіндім. Өз жұмысыма жіті назар аударуға түстім. Бұрын да ісімді білетінмін. Алайда, бұл жолғының жөні бөлек еді. Сөйтіп, іске кірісіп кеттік.

Мәселен, сарбаздар автомат қаруын шашып жинаудың қыр-сырын біледі ғой. Біз де дәл сондай жүрекке қай уақытта ем-дом жасап, система құю керектігін игерген болатынбыз. Үлкен кісінің жанында 13 жыл бірге жұмыс істедік. Ал инфаркт 1974 жылдан басталған екен. Тіпті, 1987 жылы зейнетке нақты шыққан кезінің өзінде де, қасында жүрдік. Ал мен ол шақтарда 35 жастағы жігіт болатынмын.

Содан не керек, бір мүшел қызмет атқардық. Ақыр соңында Кеңестер Одағы басшысы Михаил Горбачев «Қазақстанда тоқырау орын алған» деп сынап-мінеуді бастады. Соның нәтижесінде өйтіп-бүйтіп Димекенді барлық лауазымынан шеттетті. Бірінші басшыға лайықты барша сый-құрметтен айырды. Горбачевтің таққан айыбы түгел жалған жала болды. Ешқандай тоқырауға ұшырамадық. Қайта халықтың әлауқаты көтерілді. Одақ бойынша санағанда Қазақстанды 13-тен 3-орынға көтерді. Біздің алдымызда тек Ресей мен Украина тұрды. Міне, сондай игі істері қыруар еді.

Ол жағы өзінше бір тарих. Осылайша жақын жандарының біріне айналдық десем, артық айтпағандық болар.



РУХТЫ ҚАЙРАТКЕР ЕДІ

– Димаш атамыз қызметінен алынған соң немен айналысты?

– Зейнет жасына шыққаннан кейін «Сталиннен Горбачевқа дейін» деген кітабын жазды. Оны аяқтағаннан кейін «Қазақстанда тоқырау болмады. Тоқырау Горбачевтің басында болды» деді. Расында солай болатын. Онысын сол уақыттарда өмір сүрген біз білеміз ғой. Сол кездері бәрі сынағанда ақын Олжас Сүлейменов сынамады. Қайта қорғап сөйлеп, айрықша істерін батыл түрде нақты айта білді. Дегенмен, сол кездегі солақай саясат бірінші басшыға лайықты бар артықшылықтан айырды. Маған «енді сен ол кісіні қарамайсың, жалпы емханаға өзі барады» деп шегеледі. Ал бұл тым асыра сілтеу мен құрметсіздік еді. Ондай жастағы үлкен адам қайтіп емхананың есігін тоздырады. Мұнысы ақылға сыйымсыздық болатын. Зейнетке шыққаннан өмірінің соңына дейін ақысыз 7 жыл қарадым. Әрдайым жанынан табылуға тырыстым. Қосымша өз ауруханамда істеп жүрдім. Табысым осы жерден болды. Ал әлгі істерді тегін атқаруды азаматтық борыш деп есептедім.

– Сондай алмағайып шақта өзіңізге қудалау болған жоқ па?

– Мені неге қудалауы керек екен?! Біз қарапайым дәрігер болдық. Ешкімнің ала жібін аттамадық. Балкім, аурухана басшысы немесе қызмет иленген министр болсам, бір жөн. Сондықтан қатардағы врачты тектен-текке жазғыру әбестік әрі әділетсіздік болар еді. Бір күні біреу сантехник ретінде келіп, үйді тінтіпті. Оны маған әйелім айтты. Туыстарымды да тексерді. Бірақ баршасы қарапайым қызметте болды. Менен де ештеңе таппады. Ал тапса, темір тордың арғы бетінен бір-ақ шығаруға алып кетер еді. Дегенмен, ондай дәлел, ілік таба алмады. Бұрын мұндайды айтуға жасқанатын кезең еді, қазір айтуға болатын уақыт жетті деп санаймын. Негізі, түрлі жағдаяттар бастан өтті ғой. Оның бәрі өзінше бір шежіре.

1993 жылы ол кісі дүниеден өтті. Содан бері 29 жыл бойы осы бір ғана мекемеде істедүемін. Жалпы, аурухананың босағасын аттағалы 48 жыл өтті.

– Сізге өз баласындай қараушы ма еді?

– Енді мұны дәл солай еді деп кесіп айтпайын. Десе де, зейнеткерлікке шыққаннан кейін қасында көбірек қолғабыс еттік. Сондай сын сағатта босағасын аттамағандар әртүрлі айтып лепіріп жүр. Мейлі, онысын әркімнің өз іші білер. Ал біз екеуіміз көбірек сыр шертісіп қоятынбыз. Сонда «саған ризамын» дейтін. Батасын да алдым. Біздіңше абыз ақсақалдың бата-тілегінен артық бақыт жоқ деп білеміз. Соның нәтижесінде 83 жасқа шықтық. Мың тәубе, шүкір дейміз!

ЕЛ ЕРІН ҰМЫТПАЙДЫ

– Ерен ерліктерін айтыңызшы?

– Димекен нағыз отаншыл ер еді. Бір кездері Хрущев солтүстіктегі облыстарды Ресейге қоспақшы болды. Оның тарихын білетін боларсыздар. Сол кезде Димаш Ахметұлы қайраткерлік қайсар мінез танытты. Маңғышлақты Түркіменстанға бермек болды. Оны да алып қалды. Ең сорақысы, Оңтүстіктегі мақта өсіретін аудандарды Өзбекстанға қоспақшы болды. Оған да қарсылық көрсетті. Сөйтіп, тұтастықты сақтауға ықпалын тигізді. Ол жағын ел әлі күнге дейін аңыз қылып айтып келеді. Сол кезде Шымкентте бірінші хатшы Юсупов екен. Ол Хрущевті қолдап шығады. Сөйтіп, жағымпазданғанының арқасында Юсупов Қазақстанды 2 жылдай басқарады. Бірақ істі өндіре алмады. Тірлік тұралады. Ақырында Қонаев өз орнына қайта тағайындалады. Міне, сондай оқиғалар өткен болатын.

– Қызметтен шеттегеннен соң жанында санаулы жандар қалды ма?

– Ол жағы айтпаса да түсінікті нәрсе ғой. Бірақ та өзіне жақын жандар қол үзбеді. Бұрынғыдай топырлаған нөпір болмады. Кейіннен келушілер қатары артты. Ал жалпы жұрт үйіне бармақ түгілі, атын атауға қорқатын жағдайға жетті. Өсіресе, сондай кездерде тазквондошы Мұстафа Өзтүрік, Халық әртісі Бибігүл Төлегенова, күйші-композитор Нұрғиса Тілендиев, ғарышкер Токтар Әубәкіров сынды т.б. тұлғалар қатынасып тұрды.

Маған да «барма, сені де түрмеге отырғызып қояды» дегендер болды. Ондайға құлақ аспадым. Сонда да бара бердім. Бұл жайында жоғарыда аз-кем айтып өттім.

Мейлінше үйіне таңертен немесе кешке барып жүрдім. Бір жаққа бара қалса, еңбек демалысын алдым. Кей-кейде ақысыз демалысқа да шығып жүрдім. Дәлірек айтқанда, Шымкент, Жамбылға, қала берді Ташкентке бардық. Зейнетте болса да, халықтың қарсы алуы, қошеметі, оған деген ыстық ықыласы ерекше-тұғын. Қапал-Арасан деген демалыс орнына 5 рет апардым. Таңертен көлікпен шығатынбыз. Жолда үйден алған ас-ауқатымызды тұтынамыз. Жүріп отырып Талдықорғанға жетеміз. Одан 90 шақырым жерде «Шымбұлақ» дейтін су бар, сол арада шөй ішіп Қапалға баратынбыз. Кешкісін әлгі демалыс орнында жұрт жиналып, домбыра, баян тартып, ән шырқайтын. Бәрі жақсы көріп, суретке түсіп қалуға тырысатын. Сондай қошеметке бөленді.

Осы күні түрлі ортада жүреміз. Кімнен сұрасаң да, жамандамайды. Қазағы бар, кәрісі, орысы, ұйғыры, татары, немісі бар – бәрі-бәрі жақсылығын айтып, еске алатынына куә болып жүрміз.

Димекен көзінің тірісінде де халықтың зор құрмет-қошеметіне бөленген алып тұлға.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ИПОТЕКА

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев елімізде «7-20-25» бағдарламасына балама ретінде жаңа ипотекалық бағдарлама әзірленіп жатқанын мәлімдеді.

Кұралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Министрдің сөзінше, аталмыш бағдарлама бірінші кезекте халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қамтамасыз етуге бағытталған. Қазір бағдарлама шарттары заң жобасы негізінде қаралып жатыр.

«Оны таяу уақытта таныстырамыз. Ең бастысы, бағдарлама бойынша бастапқы жарна мен 7 пайыздан аспайтын қолайлы мөлшерлеме ескерілуі керек. Атап айтқанда, біз 7 пайыздан аспайтын деңгейді белгілеуге тырысамыз», – деді ол Үкімет отырысынан кейін БАҚ өкілдеріне берген жауабында.

Ведомство өкілі халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету барысында елдің негізгі бөлігін, яғни жұмыс істеп, отбасы құрып жатқан жандарға көңіл бөлініп қалып жататынын айтты. Міне, осындай азаматтарды қамтамасыз ету үшін қазір отбасының цифрлық портреті арқылы атаулы әлеуметтік көмек көрсету жұмыстары қарастырылып жатыр деді.

Демек, бағдарлама бойынша әр отбасының жағдайына қарай жеке-жеке көмек көрсету ескеріледі. Бірақ бұл бастама әлі де пы-

БАСПАНАҒА БАҒЫТ

Елімізде жаңа ипотекалық бағдарлама пайда болады

сықталып жатыр. Мамандардың айтуынша, отбасының цифрлық портреті жасалып, алдағы уақытта оның мазмұны толықтырылатын болады.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «2023 жылдан бастап Отбасының цифрлық картасы және Әлеуметтік әмиян сияқты тәсілдерді енгізу жоспарланып отыр. Осы бастамалар аясында мемлекеттік қолдаудың түрлі шаралары біріктіріледі. Оның бәрі барынша түсінікті, ең бастысы, нақты болады әрі алдын ала жасалады» деген болатын. Маңызды құжатта бүгінгі таңдағы еліміздің әлеуметтік саласын жаңғырту мәселесіне айрықша назар аударылған. Сондықтан бірінші кезекте 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап пилоттық режимде Отбасының цифрлық картасын енгізу басталғанын айтуға болады.

Іс жүзінде бұл карта – әлеуметтік мәртебесіне байланысты кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқықтары туралы ақпарат беретін азаматтардың күн сайынғы «электрондық жаршысы». Ол – көрсетілетін мемлекеттік қызметтің проактивті форматының жаңа құралы. Яғни мемлекет ақпараттық жүйе арқылы азаматқа тиісті органдарға жүгінбей-ақ мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуды өзі ұсынатын болады.



Мамандардың айтуынша, бұл жоба бастапқы кезеңде мемлекеттік органдардағы ақпараттық жүйелердің деректері негізінде отбасылардың әл-ауқат деңгейі мен оларға тиісті мемлекеттік қолдау шараларын айқындау бойынша жүргізіледі.

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

Ақпараттық хабарлама

2022 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Президенттігіне кезектен тыс сайлау бойынша Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарға «Alatau Aqparat» ЖШС «Almaty aqshamy» және «Вечерний Алматы» газеттерінде, Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттарында баспа алаңын ұсынудың жалпы шарттары

«Almaty aqshamy» және «Вечерний Алматы» газеттері (бұдан әрі – газеттер) мен Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттарының меншік иесі «Alatau Aqparat» ЖШС «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 28.09.1995 жылғы Конституциялық заңына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі №1019 Жарлығымен тағайындалған 2022 жылғы 20 қарашадағы сайлауға қатысатын Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарды (бұдан әрі – кандидат) сайлау алдындағы үгіт материалдарын (бұдан әрі – үгіт материалдары) орналастыру үшін газеттің газет алаңын беру ақысының мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы хабардар етеді.

Сайлау алдындағы үгіт Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталып, 2022 жылғы 21 қазан сағат 18.00-ден кейін 2022 жылғы 19 қараша сағат 00.00-ге дейін жалғасады. Сайлау алдындағы үгіт дауыс беру күніне дейінгі үнсіздік күніне дейін, газеттің таралымға шығуының соңғы күнінде, яғни 2022 жылғы 17 қарашаның қоса алғанда аяқталады.

Газет иесі мен кандидат арасында немесе кандидаттың уәкілетті өкілімен жасалған жазбаша шарт негізінде газет алаңын ұсынады, сондай-ақ, материалдарды сайттарға орналастырады. Кандидаттар немесе олардың уәкілетті өкілдері үгіт материалдарының бекітілген мәтіндерін жариялау жоспарланған күннен кемінде 3 күн бұрын ұсынады.

Газетте баспа алаңын ұсыну үгіт мақалалары мен модульдерін қазақ және орыс тілдерінде орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің газет иесі басшысының атына жазбаша өтініші газет алаңын беру туралы шарт жасау үшін негіз болып саналады.

Үгіт материалдарын газетке орналастырудың саны мен болжамды күні кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, содан кейін олар шартта тіркеледі.

Өтініш кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында кезектілік тәртібімен әрбір жазбаша өтінішке өтініштің реттік нөмірі мен келіп түскен күнін беру арқылы тіркеледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

- 1) кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

- 2) кандидат өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) өтініш беруші тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;
- 4) шарт жасау үшін адамның өкілеттігін растайтын құжаттар.

Кандидаттардың үгіт материалдарын газетке орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің түсу тәртібімен белгіленеді.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен сәтте үгіт материалының сұрау салынатын орны бұрын жүгінген басқа кандидатқа берілген немесе техникалық мүмкіндіктері бойынша берілмесе, газет кандидатқа үгіт материалдарын орналастыру үшін өзге орын ұсынады.

Үгіт материалдары газетке газеттің шығарылуының болжамды күнінен 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын мынадай форматта беріледі: қағаз тасығыш, кез келген USB флэш-дискісі.

Үгіт материалдарында олардың төленгені, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы ақпарат болуға тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған кандидаттар олардың

мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы талаптарға сәйкестігі үшін жауапты.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген шарттар мен тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ тиісті шарттың талаптары бұзылған жағдайда газетте үгіт материалдарын жариялау жүргізілмейді не бұзушылық жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Газет иесі үгіт материалдарын, егер оларда республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа итермелеу, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерилендірілген құрылымдар құру идеялары болса, жариялаудан бас тартады.

Газет иесі Қазақстан Республикасының Президенттігіне басқа кандидаттардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпарат болған жағдайда үгіт материалдарын жариялаудан бас тартуға құқылы. Кандидат газет иесінің талабы бойынша жоғарыда аталған сипаттағы материалдардағы ақпаратты растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген газет алаңын беру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

Үгіт материалдарын газетке орналастыру құны

«Almaty aqshamy» газеті (баспа нұсқасы):

Тілі – қазақ тілі.
Формат – А3.
Жиілік – аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі).
Таралымы апта сайын – 18663 дана.
Сейсенбі – 5625 дана.
Бейсенбі – 7413 дана.
Сенбі – 5625 дана.
Таралу аумағы – Алматы қаласы.
* ҚҚС қоса алғанда, мақаланы немесе модульді қара-ақ нұсқада орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 1000 (бір мың) теңге;
* ҚҚС қоса алғанда, түрлі-түсті дизайндағы мақаланы немесе модульді орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 2000 (екі мың) теңге;
* мақаланы сайтта орналастыру 1 (бір) белгі үшін 50 (елу) теңге.

Газеттің бірінші және соңғы беттерінде үгіт материалдары орналастырылмайды.

«Вечерний Алматы» газеті (баспа нұсқасы):

Тілі – орыс.
Формат – А3.
Жиілік – аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі).
Таралымы апта сайын – 38738 дана.
Сейсенбі – 11104 дана.
Бейсенбі – 16530 дана.
Сенбі – 11104 дана.
Таралу аумағы – Алматы қаласы.
* ҚҚС қоса алғанда, мақаланы немесе модульді қара-ақ нұсқада орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 1000 (бір мың) теңге;
* ҚҚС қоса алғанда, түрлі-түсті дизайндағы мақаланы немесе модульді орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 2000 (екі мың) теңге;

* мақаланы сайтта орналастыру 1 (бір) белгі үшін 50 (елу) теңге.

Бірінші және соңғы беттерде үгіт материалдары орналастырылмайды.

Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттарында, әлеуметтік желілердегі аккаунттарда материалдары орналастыру құны

1. Баннер 750x562 басты беттегі сырғытпада – 24 сағат ішінде 15 000 теңге;
2. Басты беттегі 1140x141 баннер (слайдерден төмен) – 24 сағат ішінде 25 000 теңге;
3. Оң жақ бағандағы басты беттегі баннер 1280x1280 пиксель – 24 сағат ішінде 20 000 теңге;
4. Instagram-дағы хабарлама – 30 000 теңге;
5. Telegram-дағы пост – 30 000 теңге;
6. Facebook-тегі хабарлама – 30 000 теңге.

Баннерді орналастыру үшін қабылданатын техникалық талаптар

Орналастыруға дайын баннерлер GIF, JPEG, PNG форматында қабылданады;
Баннердің мөлшері 150 Кб-тан аспайды;
Анимациялық GIF баннері секундына 5 кадрдан аспайтын жылдамдықпен ойнатылуы керек;
Баннердегі кескіндер сапалы және түсінікті болуы керек, түсінікті мәтінмен, бұлыңғыр немесе майланған кескіндерді қолдануға болмайды;
Жыпылықтау, жыпылықтайтын фон және басқа тітіркендіргіш әсерлерді қолдануға тыйым салынады.

Әлеуметтік желілерде орналастыруға қойылатын техникалық талаптар

Instagram жазбаларына қойылатын талаптар:

Фотосурет өлшемі – 1350*1080 px (4:5), есептік жазбаның басты бетінде қараған кезде өлшемі – 1080*1080. 10 бірлікке дейінгі фото;
Қолтаңбаның максималды ұзындығы – бос орындары бар 2200 таңба;
Бейне (Reels): Reels-те бейнені 1 минутқа дейін жүктеуге болады, ұсынылған ажыратымдылық – 1080 × 1920 px (9:16), MP4/MOV форматы. Маңызды – таспадағы рельстер кесілген түрде көрсетіледі: 1920 пиксель 1350 пиксельге дейін кесіледі, ал жалпы шот арнасы 1080*1080 құрайды.

Telegram арнасы Мен Facebook-тегі жазбаларға қойылатын талаптар:

Сурет форматы – JPEG, PNG;
2 суретке дейін рұқсат етіледі;
Бос орындары бар 1024 таңбаға дейін;
Сурет ені – 1280px кем емес;
Бейне форматы – MP4, MOV, GIF, өлшемі 20 Мб дейін;
Сипаттамаға хэштегті, сыртқы сілтемені қосуға немесе Telegram арнасының ішіндегі кез келген арнаны, чатты немесе пайдаланушыны атап өтуге болады.

Үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған шарт бойынша төлем шот берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде газет меншік иесі қойған төлем шоты негізінде жүзеге асырылады.

Жазбаша өтініштерді газет иесі 2022 жылғы 21 қазан сағат 9.00-ден 2022 жылғы 16 қараша, сағат 13.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін мына мекенжай бойынша қабылдайды: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21.

Факсимильді және интернет байланысы арқылы жазбаша өтініштер қабылданбайды.

«Alatau Aqparat» ЖШС.

ҮЙ МӘСЕЛЕСІНЕ ЖЕҢІЛ ҚАРАМАҢЫЗ

Бүгінде тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін ел азаматтарына арналған әлеуметтік бағдарламалар баршылық. Тұрғын үй сарапшылары үй мәселесіне жеңіл қарауға болмайтынын ескертеді. Егер жолын білсеңіз, ешкімге ақша ұсынып, заңсыз әрекеттерге бармай-ақ, заңға талаптарына сәйкес рәсімдеуге мүмкіндік көп. Неге десеңіз, көп адам ортада алып-сатумен айналысатын делдалдарға сеніп, оларға ақша беріп алданып, сан соғып қалып жатады. Мұндай жағдайлар орын алмауы үшін қаржылық сауаттылықтың болуына мән бергені жөн. Қазір банктерде халық үшін барлық жағдай жасалған. Онлайн-офлайн форматта қалаған ақпараттыңызды алуға болады. Сондықтан қандай ипотека алсаңыз да, банктердегі арнайы мамандарға барыңыз немесе онлайн кеңеске жүгініңіз. Олар депозит ашқаннан бастап үй алғанға дейін жетелеп, кез келген өзгерістер бойынша көмек көрсетіп, кеңес береді.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңізге мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 12 қазандағы
№4/517-537 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін
алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе
өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен
шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №10/23 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мал қорымы үшін Алматы қаласының Алатау ауданындағы ЖЭО-2 солтүстігінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 12 қазандағы
№4/517-537 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Жаукебай Мөлдір Бахытжанқызы	20-321-066-281	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 166 учаске	56,0984
2	Оспанов Нурлан Мағавьянович, Оспанова Динара Рахметжановна	20-321-066-282	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 164 учаске	47,8932

КИНОКЕҢІСТІК
ӘСКЕРИ ФИЛЬМ
КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТАДЫ

Алматыда Ұлттық ұланның арнайы мақсаттағы бөлімшелері туралы «Бүркіт» атты толықметражды көркем фильм түсіріліп жатыр.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бұл ҚР Ұлттық ұланы туралы отандық «АЮ Синема» кинокомпаниясы түсіріп жатқан үшінші әскери фильм. Фильмнің қоюшы-режиссері – Қазақстан кинематографиясында «Алтыншы бекет» және «Қазбат» әскери кинокартиналарының бас продюсері ретінде танымал Данияр Ибрагимов. Аталмыш фильм оның режиссерлік жұмысындағы дебюті.

Басты рөлдерде танымал жас актерлер: Санжар Мәди, Дәурен Серғазин және Асылхан Төлепов, сондай-ақ танымал әнші және музыкант Ғалымжан Молданазар ойнайды.

Фильм көбіне Іле Алатауы ұлттық паркінің көркем жерлерінде және Іле өзенінің жағасында түсірілуде. Бұдан басқа, Алматы және Қонаев қалаларында да күрделі-қойылымдық түсірілімдер жоспарланып отыр.

Туынды шынайы оқиғаларға негізделген. Сценарий арнайы күштердің символы – күрең беретті кию құқығын алу үшін ең қиын да күрделі сынақтардан өткен үш кейіпкердің өмірінен жазылған. Фильмнің сюжеті жедел-іздістіру іс-шараларына, сонымен қатар нақты оқиғаларға қатысқан кейіпкерлер туралы баяндайды.

Фильм авторларының мақсаты – Ұлттық ұлан арнайы жасақ қызметі арқылы Қазақстанның басқа да күштік құрылымдарындағы осындай бөлімшелер туралы баяндау болып табылады.

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің
редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-
коммуналдық шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@
vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Әлия ЕСІМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпочта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932-39-18 телефондары
арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VРУ00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы қаласы,
Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортсындағы
жолаушыларға қолжетімді.



ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

ЖАҢА МАУСЫМНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

заманауи стильдегі «Қарагөз» қойылымы

Қазақ өнерінің қара шаңырағы М.Әуезов атындағы ұлттық академиялық драма театры 97-маусымын ашты. Маусымның ашылуына орай «Қарагөз» спектаклінің премьерасы қойылды. Сондай-ақ, театрда «Мұхтар Әуезов және Ұлттық театр» көрмесі өтті. Маусымның ашылу салтанатында өткен баспасөз мәслихатында театрдың көркемдік жетекшісі Асанәлі Әшімов сөз алып, ерекше лебізін білдірді.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Маусымның ашылуында әрбір театрдың тойы болып өтеді десек, артық айтпағанымыз. Осы уақытқа дейін театрымызда қаншама өнер майталмандары қызмет атқарды. Сонау Кеңес Одағы кезінен қазақ халқының ұлттық өнерін жетелеп, осы күнге дейін алып келді. Текті өнердің тоқсан жылдық төріне көтеріліп, әкемтеатр өзге театрларға үлгі көрсетер үлкен театрға айналды. Бүгінде Тәуелсіздік алғалы біз де еркіндікке қол жеткіздік. Не істеп, не қоямын десек те, өзіміз білеміз. Театрымызда қазақ мәдениетіндегі сынсу, жар-жар, тұсаукесер ырымдарын қалағанымызша қойылымдарға пайдаланып келеміз. Бұл бізге дейінгі тұлғалардың орындалмай кеткен арманы еді. Біз бүгін міне, қол жеткіздік», – дейді театрдың көркемдік



жетекшісі, КСРО Халық артисі А.Әшімов.

Екі айлық демалыстан соң сахнаны сағынған театр актерлері мен өнер ұжымы көрермендерге ерекше қойылымдар мен фестивальдер ұсынатынын хабарлады. Сондай-ақ, қазіргі уақытта театрда билеттердің бірден сатылып, көрермендердің өнерге деген құлшынысы артып келе жатқаны жайлы сыр шертті.

«Алдағы уақытта көрермендерге арналған жаңа спектакльдер сахналанады. Сондай-ақ, әлемдік театр өнерінің майталмандарымен бірге фестиваль ұйымдастыруды

қолға алмақпыз. Онда қаламыздағы кішігірім театрларды шақырып, тәжірибе алмастыруына мүмкіндік бермекпіз. Театр өнерінің тарландарына арналған көрмелер де ұйымдастырылады. Сондай-ақ, осы уақытқа дейін қойылымдарда ұсынылған декорациялардың макеттерінен көрме ұйымдастыруды қолға алмақпыз. Осы ретте халықтың театрға деген қызығушылығының артқанын ерекше айта кеткеніміз жөн. Бұл бізді қуантады. Мәселен, қойылымдардың билеттері бір апта бұрын сатылып кетеді. Дегенмен де, көрермен мәдениеті әлі

де қалыптаса қоймаған. Қойылымға кешігіп келу, телефондарын қосып отыру секілді жағымсыз әрекеттері болып жатады. «Көш жүре түзеледі» демекші, бұл жағдай да қалпына келер», – дейді М.Әуезов атындағы ұлттық академиялық драма театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Е.Жуасбек.

Қазақ әдебиетінің ұлы классигі, көрнекті қаламгер Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Қарагөз» спектаклі көрерменге жаңаша сипатта ұсынылды.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АЛМАТЫҒА ҚЫС ҚАШАН КЕЛЕДІ?..

«Мизам шуақ», «Кемпір шуақ» амалдарының баяулық танытуы қоңыр күзді ұзартып, қытымыр қыстың келуін кешеуілдететін сыңайлы

Қазанның алғашқы ызғары – «кіші қазан» айдың басында өтті. Біраз алқаптың шүйгін шөбі солып, құрап, қарайып кетті. 11 қазанда саяз көлшікке, сыртта ашық қалған суға мұз қатты. Қалыңдығы 1,5–2 см. Шөпті бозқырау жапты...

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Барыс жылы ілгері жылжып келеді. Мүшел есебінің үшінші жылы. Барыс сақтардың ұғымында қасиетті аң болған. Қазақ Барыс жылын күрделі бетбұрыстар алдындағы тыныштық жылы деп санаған. Бұл жылғылар өте мықты, қажырлы, шынайы, жомарт болып келеді. Тынымсыз, бірақ өз басын ойлап қалған өзіншілдеу.

Барыс жылы қиындық пен қуанышқа, ауыртпалық пен жақсылыққа толы жыл. Дегенмен, бұрындары тарихта Барыс жылына қатысты елеулі оқиғалар болмаған. Сол себепті, Барыс жылын қазақтар жайсыз жыл деп санамайды.

Қазан (ақырап) қолданыстағы күнтізбе бойынша, жылдың оныншы айы. Ал қазақтың жыл санауы бойынша, сегізінші ай. Тек қазақ емес, орта Азия, 40-тан астам әлем елі жылдың басын Наурыздан бастап есептейді.

Қазан сөзінің бірнеше мағынасы бар. Қазан – ауыртпалық, «қазан ат» – жауға мінетін ат, қазан – ас пісіретін ыдыс, қазан – үзеңгінің бір түрі, қазан – шолақ зеңбірек, қазан мен қаза – өлім. Қазан негізі салқын айлардың есебіне жатады. Ауа райы құбылмалы: жаңбыры көп, күні салқын. Кейде қар ұшқыны білініп, суға мұз қатады, бозқырау түседі. Балалардың бұл айды бозқырау деп атайтыны да сондықтан.

Қазан айында «кіші қазан», «үлкен қазан» деп аталатын амалдар бар. Бұл екі амалдың да ұзақтығы он күннен, арасына екі апта салып, кезектесіп келеді. Қарттарымыз бұл амалдардың кіруі мен шығуын ескі санат (юлиан) күнтізбесі бойынша есептеген. Кіші қазанда жел тұрып, күн аздап суытып, жаңбыр жауады. Тұщы шөптердің бояуы оңып қурайды. Ал ащы шөптер: шағыр, соран, қара жусан, алабота, т.б. піседі, түшиды. Қазақ бұл құбылысты «шөпті қазанның қағуы» дейді. Жоғарыда аталған ащы шөптерді «қазан қақпай» мал

жемейді. Мал өсіретін ел бұл шөптерді «қазан қақпай» шаппайды. Қазан қақпай шабылған ащылы шөп малдың ішіне тиелі, ас болмайды. Үлкен қазанда қар аралас жаңбыр жауады, қатты ұшырма жел болады. Өсімдік атаулы түгелге дерлік қурайды, яғни көктемде бой алып өскен өсімдік атаулы қараотқа, бойында нәрі жоқ өлі шөпке айналады. Бұрынғы кезді қазақтар үлкен қазан амалы жақындағанда кәрі, ақсақ-тоқсақ малдарды өріске жібермей, ауыл маңына ұстаған, олардың ішінен «қазан асын» сойып алып отырған.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, қазанның 13-і, ай жүйесі қазанның 16-сын білдіріп тұр. Ал қазақы есепке жүгінсек, айдың екінші жаңасы. Демек, апта айдың басы мен ортасына сәйкес келуде. Бұл көрініс жылы да шуақты күндердің әлі көрініс беретінін білдірсе керек. Алматылықтарға салқын, ызғарлы күндердің ауылы әлі алыс... Биыл күз аяғы сылбыр болып, қыс кешеуілдеп келетін секілді...

БАБАЛАР АЙТАДЫ

Қазанның қара желіне орай жасалған жорамал:

- *Егер бұлт желге қарай көмсе, онда кешікпей қар жауады.
- *Бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райының бұзылғаны.
- *Бұлт шетінен ыдыраса, онда ауа райының оңалайын дегені.
- *Оңтүстіктен ұзақ соққан жел бағытын өзгертіп, шығыс жақтан соғар болса, ауа райы жақсарады.
- *Оңтүстіктен соққан жел бағытын өзгертіп, батыстан соғар болса, ауа райы бүлінеді.

«ӘЖЕМНІҢ
ЕРТЕГІЛЕРІ»Рая
ЕСКЕНДІР

Биылғы Балалар жылы аясында еліміздегі кітапханаларда Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен «Әжемнің ертегілері» жобасы бастау алды. Жоба балалардың ғана емес, ересектердің де назарын аударып, қоғамда жақсы пікірлер қалыптастыра бастады.

Аталмыш жобаны ұйымдастырушылар «бұл бастама жас ұрпақты ертегі арқылы кітап оқу мәдениетіне тартуға бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды. Отбасында ертегі оқу, әңгімелесу дәстүрлерін жаңғырту және жалғастыру, сонымен бірге отбасындағы ата-әжелердің ролін, ең алдымен, рухани құндылықтарды арттыруды көздейді», – деген пікірде. Сонымен қатар, тек биылғы жылы ғана емес, алдағы уақытта да жоба жалғасын табатын болады.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

EUR/KZT 460,65 теңге



USD/KZT 474,95 теңге



RUB/KZT 7,44 теңге



CNY/KZT 66,2 теңге